

ЗАН

№5 | 2025



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ



**«ЖАҚСЫ АДАМ ЕДІ
ЖАРАТЫЛЫСЫ БӨЛЕКШЕ»**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№5 | 2025

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АХПАНОВ А.,

д.ю.н., профессор

АЙТХОЖИН К.К.,

д.ю.н., профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е.

з.ғ.д. профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.

профессор (Қырғызстан)

МАУЛЕНОВ К.

д.ю.н., профессор

СӘБІКЕНОВ С.,

з.ғ.д. профессор

ДОСАЛИЕВ Қ.,

з.ғ.д. профессор

ШУМИЛОВ В.,

д.ю.н., профессор,

заведующий кафедрой

Всероссийской Академии
внешней торговли

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

«ЖАҚСЫ АДАМ ЕДІ ЖАРАТЫЛЫСЫ БӨЛЕКШЕ»

Т. ИБАШЕВА

3

ТАЙНА СОВЕРШЕНИЯ НОТАРИАЛЬНОГО ДЕЙСТВИЯ

Г. НУРАХМЕТОВА

13

ТАТУЛАСТЫРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН БИЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУ
ЖОЛДАРЫ

Б. ЕЛШІБЕКОВ

16

ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ — БАРШАҒА МІНДЕТ

Е. БАЙБОЛОВ

19

ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҒЫН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

С. САКОВА

21

ПУТЕМ МИРНОГО УРЕГУЛИРОВАНИЯ

А. МУСЛИМОВ

23

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖИНАУҒА ТАЛАП ҚОЮШЫ ДА ҚАТЫСАДЫ

Г. ОСПАНОВА

24

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРДІҢ БІРКЕЛКІЛІГІ — ЕЛ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ

М. ТОҒЫЗБАЕВА

26

БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ МЕРЗІМІ БЕС ЖЫЛДАН АСПАУЫ ТИІС

Д. АЛТЕЕВ

28

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ БОЙЫНША
ІСТЕРДІ ҚАРАУ

Е. ШЕКЕРБЕКОВ

30

МЕДИАЦИЯ ЕКІ ТАРАПТЫҢ ДА МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

М. МУХАНОВА

33

ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ДӘЛЕЛДЕМЕ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Е. ҚАСҚЫРБАЙҰЛЫ

35

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ТАТУЛАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Д. КЕНШИМОВА

40

СУДЕБНЫЕ РЕФОРМЫ: ОТ ДОВЕРИЯ К СПРАВЕДЛИВОСТИ

Н. ИБРАЕВ

42

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

М. ФАЗЫЛОВА

45

«ЖАҚСЫ АДАМ ЕДІ ЖАРАТЫЛЫСЫ БӨЛЕКШЕ»

Біржан Кәрібжанов «ҚР Судьялар одағының құрметті мүшесі», «Үш би» және «Жеті Жарғы» төсбелгілерінің сондай-ақ, көптеген Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарының иегері. Елу бір жыл, бір ай, он күндік ғұмырында елдің, ата-анасының, соттың атына жағымсыз сөз келтірген жоқ. Әрқашан да ардың ісі - адалдықты алға қойды. Қазақстанның сот саласының дамуына өмішеусіз үлес қосты. Кішіпейілдігі мен көркем мінезі, бітім-болмысы оны қатарластарынан ерекшелендіріп тұратын. Өзінен кейінгілерге жолбастаушы аға, ұлкендерге ізетті іні бола білді. Артына ұлағатты ұрпақ қалдырды. Жанына тілектес дос-жаран жинады.



Біржан үнемі ізденіс үстінде жүретін. Халықтың құқықтық білімін көтеруге қатысты құқықтық-танымдық материалдар жазды.

ҚР Судьялар одағының VIII съезінде Қазақстан соттарының өзекті мәселелері мен жетістіктері жайлы баяндама жасап, әріп-

тестерінің ықыласына бөленді. Бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Республикалық телеарналар мен газет-журналдарда өзінің тұщымды ойларын ортаға салды.

Жаңа қабылданған заңдар мен сот саласындағы реформалар, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру, т.б. келелі тақырыптарда пікір білдіруін сұрай қалсақ, ешқашан да уақытының жоқтығын немесе тағы басқа жағдайларды сылтау етіп бастартпай, кез келген сауалымызға тосылмай жауап беретін. Тіпті, редакцияға арнайы келіп, сұхбат беретін. «ЗАҢ» корпорациясының қызметкерлері Біржан келсе қуанып қалатын. Өзі де айналасына шуағын шашып, бойын тік ұстап жүретін, нар тұлғалы азамат еді. Адам жатырқамайтын ашық-жарқын қасиетімен оны маңайындағылар еріксіз жақсы көретін.

Біржан Отантайұлы кәсіби қызметінде ғана емес, сонымен қатар, өнер мен спортта да әріптестерінен оқ бойы озық тұрды. Оның өз ортасында домбыра шертіп, әуелетіп ән салғанын, қазақ поэзиясын жатқа оқитынын, тіпті, тамадалық қасиеттен де кенде бол-

мағанын қатарластары бүгінде сағына еске алады. Осы тұста ардақты әкесі Отантай Кәрібжанұлының сөзін келтірсек: «Біржаным жас кезінен спортқа жақын болды. Бокс, футбол, шахмат, бильярд бәрін жақсы ойнады. Домбыра тартып, сурет салды. Абай атасының 45 қара сөзін жатқа білетін. «Әке көрген оқ жонар» демекші, соңынан ерген құлындары Нұржаны мен Мағжаны да бильярдты өте жоғары деңгейде ойнайды. Екеуі де бильярдтан Алматы қаласы студенттерінің арасында өткен жарыстардың жеңімпазы. Олардың да өз балаларына Біржан атасының тәлім-тәрбиесін беретініне сенемін».

Біржанның хакім Абайдың қара сөздерін жатқа айтып қана қоймай, оларды өзінің әрбір ісі мен жүріс-тұрысында бағдаршам еткенін тағылымды тірлігі көрсеткен еді. Ақын Есенқұл Жақыпбектің «Жақсы адам еді жаратылысы бөлекше» дейтін жыр жолдары Біржан бауырымызға арналғандай.

Біржан бірнеше кәсіп иесі атанды, Семей қаласындағы Технологиялық институтта инженер-механик, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде заңгер, М. Әуезов





Турнир қатысушылары

атындағы Семей университетінде экономист мамандығында оқыды. Әрбір істің ақ-қарасын ажыратуда судьяның әр саладан хабардар болуы үлкен жетістік. Алғашқы еңбек жолын Семейде сот орындаушылықтан бастаған Біржан Отантайұлы өзі туып-өскен облыстың Әділет департаментінде жетекші консультант, сот орындаушылар бөлімі басшысының көмекшісі, мемлекеттік нотариат кеңсесінде кеңесші болды. Осылайша ол судья қызметіне заң, сот салаларын жетік меңгеріп, мол тәжірибемен келген абыройлы судья бола білді.

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық сотында жеті, Алматы қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында сегіз жылдан астам уақыт талмай еңбек етті. Бұдан соң Алматы қалалық сотына судьялыққа тағайындалып, өмірінің соңына дейін жан аямай жұмыс істеді. Тіпті, өзінің ауырып отырғанына да мән бермей, сол күнгі сот процесін аяқтап шыққан еді. Не деген жанкештілік, қызметке адалдық десеңізші?!

Біржанды Алматы қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі маманданды-

рылған ауданаралық соты ашылғалы бері танымын. Сол бір 2007 жылдан бері, жұмыс барысында 15 жылдай етене араласыппыз. Осы жылдар ішінде оның бірде-бір рет сырбаз қалпынан тайғанын көрмеппін. Біржан өзінің қарауына түскен әрбір іске шексіз жауапкершілікпен жанашырлықпен қарайтын. Әсіресе, кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі сотта қызмет еткенінде әр баланың тағдырына алаңдайтыны, олардың болашағы үшін жүрегі ауыратыны сөзінен байқалып тұратын. Бұл ретте ол «Жалпы, кәмелеттік жасқа толмағандардың істерін сотта қарағанда – баланың мүддесін бірінші орынға қою керек. Мейлі ол қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік іс болсын, мұнда басты рөлде бала тағдыры мен оның құқығы тұруы тиіс. Мен үшін бұл өмірде бала бақытынан маңызды ештеңе жоқ» деуші еді.

Біржанның ата-анасына деген құрметі ерекше болды. Ол кісілердің өзіне берген тәлім-тәрбиесін, өмір жолын айрықша мақтанышпен айтатын. Оларды қуантуға жан-жүрегімен тырысатын. Ата-анасы да елге танымал сыйлы жандар. Әкесі

Біржан Отантайұлының отбасы



Отантай Кәрібжанұлы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, республикалық «Абай» қоғамдық қорының президенті. Анасы Аманғайша Дүйсенбекқызы ҚР Ішкі істер органдарының озаты, отставкадағы полиция подполковнигі. Осындай ата-анадан туған Біржанның Абайдың қара сөздерін жатқа білмеуге, қара қылды қақ жарар әділ судья болмауға хақысы да жоқ еді. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген тәмсілдің шынайылығын Кәрібжановтар әулетіне қарап, білуге болады.

«Адам өмірде екі жағдайда адасуға болмайды» деген сөз бар. Соның бірі – мамандық таңдау болса, екіншісі – жар таңдау. Осы екі жағдайда да Біржан бағы жанған азамат еді. Құдай қосқан қосағы Гүлжан Арапқызымен бірге берекелі отбасын құр-

ды, алтын асықтай ұлдар тәрбиелеп, өрісін кеңейтер қыз өсірді. Нұржаны мен Мағжанынан балдан да тәтті немерелер сүйді.

Халқымыз «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмас» демей ме?! Біржан отыз, қырық жасында да өзінің білім-білігімен, парасат-пайымымен орда бұзып, қамал алды. Ел ағасы атанар елуден енді асқан шағында «келместің кемесіне» мініп кете барды. Бұл қаралы хабарды естігенде қамықпаған жан қалмаған шығар, сірә. Содан бері де үш жыл өте шығыпты. Алайда, Біржанның асқақ бейнесі көзден кеткенімен, көңілден кетпейтініне әріптестері мен достары, ұлдары бильярдтан ұйымдастырған «Біржан Отантайұлы Кәрібжанов» атындағы турнирде көзіміз анық жетті.

(Жалғасы 12-бетте)

Мәңгілік сағынышым

Ұшқан құстай ұшқыр уақыт өтіп жатыр-сың-ау! Біржаным, сенсіз өткен сүреңсіз күндер біздер үшін оңай болып жатқан жоқ. Таң атады, күн ұясына қайта батады. Өтіп жатқан селқос тіршілік екенін жақсы түсінемін. Сенің мәңгілік сапарға аттанғаныңа да үш жылдың жүзі болды. Үш жылда не өзгерді, қандай жаңалықтар болды?

Елің аман, жұртың тыныш. Өзіңнен тараған ұрпағың Нұржаның, Мағжаның, Аружаның, жан-жарың Гүлжаның тіршілік қамында. Балдай тәтті немерелерің Төрежан, Мырзажан, Зережан, Әкежан, Дария, Әлімжандардың бірі мектепте, бірі балабақшада, бірі үйде бақытты ғұмыр кешуде. Аружаның КИМЭП университетін тәмамдап, қолына дипломын алды. Артыңда аңырап қалған біз әке-шешен жұма сайын басыңа барып, рухыңмен тілдесеміз. Мәңгілік мекеніңде ұрпағыңды қолдап жат. Ұйқың тыныш болсын, Құлыным!

Қысқа ғұмырыңда сенің жасап кеткен істеріңді әріптестерің, достарың ұмытқан емес. 2024 жылы сәуір айында туған күніңнің қарсаңында Абай облыстық сотының бастамасымен Семей қаласында сені еске алуға арналған өзің ең жақсы көретін билльярдтан турнир өткізілді. Турнирге Семейден және Алматыдан әріптестерің қатысып, аса белсенділік көрсетті. Бұл дода жоғары дәрежеде өтіп, өзің туралы естеліктер айтылды. Осы турнир кезінде Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ержан Даулиев «Біздің ойымызша, Біржанды еске алуға арналған билльярд турнирін жыл сайын ұйымдастыруды дәстүрге айналдыру керек, біз осы бастаманы қолдаймыз» деген еді. Міне, биыл Аллаһ қолдап, Семейден бастау алған сені еске алу турнирі Алматы қаласында жалғасын тауып отыр. Турнирдің өтуіне мұрындық болған және ұйымдастырушылық жұмы-



сын атқарған өзіңнің аға-досың Болатбек Қатықбаев үлкен азаматтық таныта білді. Қатысушыларға, осы турнирді ұйымдастырып отырған Болатбек Әділханұлына алғысымды білдіремін.

Бұйырса, сені еске алуға арналған турнирлер әлі де талай жалғасын табатын болады. Сен біздің жанымызда болмасаң да, рухың бізбен бірге. 28 сәуір – сенің туған күнің. Бала-шағаң, немерелерің, жан-жарың, әке-шешен сенің қара шаңырағыңда бас қосып, өзіңді еске алдық. Немерелеріңнің суретінді көріп, «ата-ата» – деген сөздерін естідік. Олар сені мәңгі естерінде сақтайды.

Құлыным, саған берген қысқаша есебімді осымен аяқтаймын. Айтылмай қалған мәселелер болса, Семейге келген соң қосымша жеткізермін.

Әкең Отантай
28.04.2025 ж.

Аманғайша КӘРІБЖАНОВА, анасы:

Біржаным бір күні келіп қалатын сияқты

Жүрегім жанып, ішім қайнап, сағынышым сөнбейді. Ардағым, патшам, сары құлыным, данадай болып жүрген панам, сағындым. Балам өмірден қайтқанында менде жан қалмады. Әкесімен екеумізді Алматының төңірегінде апармаған жері жоқ. Алматыда 16 жылдай тұрды, бірақ, ешқашан да жаңа жылды бізсіз қарсы алған емес. Ұшаққа билет алып, аэропорттан ылғи да бір құшақ гүлмен күтіп алатын. Біржаным маған

әлі күнге дейін Алматыда қызметінде жүрген сияқты көрінеді.

Семейге жылда бір, ары кеткенде екі рет келетін. Мені дайындалып, әуре болмасын дей ме көбіне айтпай келетін. Содан болар Біржаным маған бір күні келіп қалатындай сезінем.

Сол күні баламмен сағат 15-ке 25 минут қалғанда сөйлестім, жұмыста екен. 19.15-те қаралы хабарды естідім. Біржаным дүние жимаяды, дос жиды. Сіздерге



басымызды иеміз. Біржаным сый көрсетіп жатқан азаматтарға дән ризамын.

Есмұқан ОБАЕВ, ҚР Халық әртісі, режиссер:

Қайғыны жеңу оңай болмады



Біржан қайтқанда жеті рулы елдің жұрты түгел жиналды. Үлкен қайғы, Құдай енді қалғанының амандығын берсін. Кәрібжановтар – өсіп-өнген әулетсіздер,

әкеңіз қара суды теріс ағызған молда болған. Бұл Шәкәрімнің жері, бұл Мұхаңның елі. Сіз сол елдің баласысыз, сол елге ерен еңбек сіңірдіңіз. Аманғайша екеуіңіз қол ұстасып Семей өңіріне қызмет еттіңіздер. Балаңызды тазалыққа, адамшылыққа, жомарттыққа тәрбиеледіңіз, ағайын-елді, қазақты сүюді үйреттіңіз.

Қасқабұлақтың қасында Отан, Аманғайша үшеуіміз кезінде елге қатысты әңгімелерді көп қозғайтынбыз, сонда Біржан аспанға қарап қасымызда жатушы еді. Қолына домбыра ұстады. Есмұхан дегенге тілі келмей мені Ухан дейтін. Біржан да менің

балам ғой, менің қыздарыммен бір үйде, бір дастарқаннан ас ішіп, бір диванда жатып өсті.

Балаларға «таза болыңдар» дегенді әруақытта жалықпай айтып отырдық. Біздің тәрбиемізге құлақтарын түріп өсті. Кешкі уақытта үйге келіп, амандасып, әңгімесін айтып тұратын. Әкесінің досы мені қатты сыйлайтын. Біржанның істей алмай кеткен істерін балалары жалғастырады. Аманғайша анасына, қайғыны жеңу оңай болмады. Енді түндікті көтеріп, аспанға қарау керек. Қалған бақытын балаларына берсін. Жақсы күндеріміз көп болсын.

ЖҰБАТУ

Досым Біржан Отантайұлының рухына арнадым

Достар едік, өнер бізді жолықтырған,
Жақсының қасиетін танып туған.
Құдайдың жазғанынан аса алмадым,
Жүрегім жоқтау өлең жазып тынған.

Шығыстың азаматы едік біздер,
Ұғысып, бір көргеннен күліп жүздер.
Аз ғана дәмдес болған шуақты шақ,
Сағынышқа айналды сол бір кездер.

Көз тоярдай жігіттің жігіті едің,
Ата-анаңның үкілі үміті едің.
Қайдан ғана сұм ажал келдің екен,
Төрт құбылаң сай еді, бүтін едің.

Ақылың біліміңмен толысқанда,
Сен дайын тұлға едің жол нұсқауға.
Сот жүйесін меңгеріп, үлес қостың,
Әділдіктің бастадың ақ жолына.

Ар-ұятты алдымен биік қойдың,
Жеке бастың шаруасын тыйып қойдың.
Артында өнегелі ісі қалды,
Абайдай жерде туған иықты ұлдың.

Көп қыры бір бойына сыймай тұғын,
Спортпен шұғылдандың таппай тыным.

Бильярд тасын көздеп
ұрған сәтте,
Кіл мықтылар
қаймығып ақсайте тұғын.

Адамдық қасиетің баурағандай,
Жақсыны бағалайтын жаны қалмай.
Мендағы көп жақсымен араластым,
Дәл Біржандай дос енді табылар ма-ай!?

Дегенмен орнында бар оңалады,
Нұржан, Мағжан, жоғыңды табады әлі.
Аружан – ару қызың шырағың боп,
Сен берген тәрбиемен қуантады.

Жан-жарың Гүлжан отты сөндірмейді,
Ұрпағың өсіп-өніп мың гүлдейді.
Атам менен апама ғұмыр берсін,
Қайырын берсе қайғы білінбейді.

Арамыздан біржола алыстадың,
Өзіңсіз жоқтау жазып тыныстадым.
Жатқан жерің Жәннәттің бағы болсын!
Бет сипап ҚҰРАНЫМДЫ бағыштадым.

Нұрлыбек РӘБІЛҰЛЫ
11.05.2025 жыл



Турнирден көрініс

Асқар СЕКИШЕВ, ҚР Жоғарғы Сотының экс-судьясы, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының профессоры:

Есімі ел есінде сақталатын адамдар – бақытты

Біржанмен 1998 жылы Шығыс Қазақстан облыстық Әділет басқармасына басшы болып келгенде таныстым. Сол жылдары барлық ұйымдастырушылық және кадрлық мәселелер, соттарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету Әділет басқармасына қарайтын. Біржан өзіне өте сенімді, өте білімді азамат болатын. Оның тиянақтылығы мен жауапкершілігі, ата-анасы туралы үнемі сүйіспеншілікпен айтатын әңгімелері мені қызықтыратын. Сол себепті, жауапты қызметке шақырдым. Ол сенімді ақтады.

Өзінің әрбір ісімен судья лауазымына лайықты екенін дәлелдеді.

Біржан менің анаммен танысып, батасын алды. Оның жайдары мінезі, досқа деген адалдығы айналдырып еріксіз өзіне тартып алатын. Біржан билльярд дегенде жасындай жарқырайтын. Соның арқасында республикалық Судьялар спартакиадасында аймақтың намысын қорғады. Біз жеңіс тұғырынан көрінгенде ҚР Жоғарғы Сотының сол кездегі төрағасы Қайрат Мәми «Санға емес, сапаға көңіл бөлу деген осы



болады» деп ризашылығын білдірген еді. Сол жиында Біржанның бүкіл әріптестер алдында мені көкке көтеріп, шыр айналып шыққаны есімнен кетпейді. Жаны жомарт, пейілі кең еді. Біржанның отбасы, тамаша балалары, сүйікті жары бар. Ол өлген жоқ, есімі ел есінде сақталады, мұндай адамдар бақытты.

Жұмабек БАСТАУБАЕВ, «Baytaq» жасылдар партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы:

Бильярдты шебер ойнайтын



Біздің досымыз Біржан мықты спортсмен, ол бокспен де айналысты. Бильярдты шебер меңгерген, талай мәрте бірге ойнадық. Бильярд ойнайтындар Біржанды өте жақсы таниды, қатты сыйлайды. Аузын ашса жүрегі көрінетін өте ақ көңіл, керемет жігіт еді. Өкінішке қарай, арамыздан ерте кетіп қалды.

Біздің партия турнирге демеушілік жасап отыр. Жатқан жері жайлы болсын. Артында қалған ұрпағы аман жүрсін.

Біздің Болатбек Қатықбаев деген өте мықты ұйымдастырушы ағамыз бар. Бірнеше рет бильярдтан чемпион болды. Осы турнир сол кісінің тікелей бастамасымен ұйымдастырылды. Болатбек ағаға үлкен алғысымды білдіргім келеді.

Болатбек ҚАТЫҚБАЕВ, отставкадағы судья:

Ұрпағымен мың жасасын



Ұлы елдің ұрпағы Біржан Алматы қаласына келіп, өзінің көркем мінезімен бізбен туған бауырдай араласып кетті. Ол мықты судья, жақсы азамат қана емес, спортта да, өнерде де керемет болды. Қала соттары-

ның барлық іс-шарасына белсенді қатысатын. Нағыз толысқан шағында өмірден өтті. Турнирді Біржан бауырымызды еске алу, сонымен қатар, судьялар арасындағы сыйластықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырдық. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, Біржандай асыл азаматымыздың жарқын бейнесін есте қалдыру біздің парызымыз. Негізгі жоспар бойынша турнир әр жыл сайын жалғасады.

Қайтыс болғанына алты ай толған соң турнирді Алматыда өткізгіміз келді. Бірақ, Отантай ағамыз туған жерінде өткізуді қалады. Турнирді былтыр Абай облысында Қайрат Чақпантаев мырза бастады. Көңілге дем беретіні – Біржанның артында іздеушісі бар. Басқа ерте кеткен әріптестеріміз де бар, бүгінде олардың көпшілігі елеусіз қалды. Ал Біржан жайлы естелік, жыр-дастан, ол өмірден өткен үш жыл ішінде үзілген жоқ. Біржан бауырымыз жақсы жар сүйді, бала сүйді, немере сүйді. Даланың дархан даласындай ата-анасы бар. Бауырымның жаны жәннатта шалқысын, жаққаны шырақ, мінгені пырақ болсын. Ұрпағымен мың жасасын.

Мәжит МҰХАТОВ, отставкадағы судья:

Жарқын жүзі жадымызда қалады

Біржан Отантайұлын жасөспірімдер сотында жұмыс істеп жүрген кезінен білемін. Одан кейін Алматы қалалық сотына ауысты. Кабинетіміз қатар болды, жақсы араластық, өте парасатты азамат еді. Адал дос бола білді. Ең жақсы көретін спорты бильярд болатын. Оның арамыздан мезгілсіз кетуі жанымызды күйзелтті. Бәкеңнің жарқын жүзі әрқашан да жадымызда қалады. Кезінде Біржанмен бірге талай бильярд ойнадық. Адам кетеді, бірақ, оның жақсы істері ұмытылмайды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.



Маратәлі БЕКНАЗАРОВ, отставкадағы судья:

Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді

Біржан бауырым судьялар арасында өтетін спорттық турнирлердің бәріне белсенді қатысатын. Осындай іс-шаралардың соңында өлең оқып, әріптестерінің көңілін көтеретін. Тіпті, тамада да болатын. Сондай сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді. Қызметтен бөлек қабілеттері де жетіп-артылатын.

Суық хабарды естігенде қабырғамыз қайысты. Отбасы мен әріптестері, достары еске алу іс-шарасын өт-

кізіп жатыр. Марқұмдарға құран азық дейді, Біржанның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын.

Қабірін раббым Алла иман нұрымен нұрландырып, жәннаттан төсеніш нәсіп етсін. Жалған дүниеде біліп-білмей жасаған күнәлары болса кешірілсін. Осындай азаматтарды еске алып жатқан әріптестерге үлкен алғысымды білдіремін. Мұндай шаралардың жастарға үлгі болары анық.



Алғаш рет өзінің туған өлкесі Семейде Абай облыстық сотының төрағасы Қайрат Чақпантаевтың қолдауымен өткен турнир биыл Алатаудың бөктерінде жалғасын тапты. Турнирге еліміздің әр өңірінен, атап айтқанда, Түркістан, Абай, Алматы, Ақмола, т.б. облыстар мен Алматы қаласынан келген судьялар қатысты. Ауған соғысының ардагері, отставкадағы судья Болатбек Қатықбаев жеңіс тұғырынан көрінді. Айтып өтерлігі, былтыр Семей қаласында болған турнирде де Болатбек Қатықбаев Алматы, Астана, т.б. қалалардан келген әріптестерінің арасында топ жарып, бас жүлдені қанжығасына байлап қайтқан болатын. Биыл да ол жеңісті қолдан бермеді.

II орынды «Baytaq» жасылдар партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Жұмабек Бастаубаев алды. Ал III орынды

отставкадағы судья Ержан Даулиев пен Семей қалалық сотының судьясы Азамат Оналбай бөлісті.

Алдағы уақытта да спорттық турнирдің тоқтап қалмай дәстүрге айналатынын, оған өздерінің атсалысатындарын Біржан Отантайұлының әріптестері мен достары жарыса айтты. «Жақсының аты өлмейді», «Орнында бар оңалар» деген осы шығар. Турнир барысында Біржан замандасымыздың екінші ғұмыры басталғанын іштей түйсіндік. Біржан Отантайұлының өмірі қысқа болғанымен, тұғыры аласармай, жылдан-жылға биіктей берері анық. Өйткені, оны биіктетер саналы ұрпағы бар.

**Материалды дайындаған
Түймегүл ИБАШЕВА,
журналист**

ТАЙНА СОВЕРШЕНИЯ НОТАРИАЛЬНОГО ДЕЙСТВИЯ

Согласно ст. 3-1 Закона РК «О нотариате» нотариальной тайной являются сведения, полученные при совершении нотариального действия или обращении к нотариусу, уполномоченному должностному лицу, в том числе о личных или имущественных и неимущественных правах и обязанностях.

Нотариальная тайна является важным правовым институтом, обеспечивающим защиту прав и интересов граждан, организаций и государства. В Республике Казахстан нотариальная тайна охраняется законодательством, а ее нарушение может повлечь за собой юридическую ответственность. Однако существуют пределы и ограничения этого принципа, позволяющие в определенных случаях раскрытие информации. В данном докладе рассматриваются правовые основы нотариальной тайны, ее пределы, исключения и ответственность за нарушение.

Нотариальная тайна включает в себя сведения, ставшие известными нотариусу при совершении нотариальных действий. Она охраняется Законом Республики Казахстан «О нотариате» и иными нормативно-правовыми актами. Согласно статье 31 данного закона, нотариус, его помощники, стажеры, работники нотариальной конторы, также должностные лица органа юстиции и нотариальной палаты, имеющие доступ к таким сведениям, обязаны сохранять их в тайне. Кроме того, нотариальная тайна обеспечивается Гражданским кодексом Республики Казахстан, а также законами о защите персональных данных и конфиденциальной информации. Государственные органы, суды и правоохранительные органы имеют ограни-

ченный доступ к нотариальной информации.

Помимо вышеперечисленных сведений в области финансового мониторинга для органов государственных доходов, не являются разглашением нотариальной тайны:

Размещение на интернет-ресурсе Республиканской нотариальной палаты или единой нотариальной информационной системы следующих сведений:

- доверенностям (сведения о лице, удостоверявшем доверенность, даты удостоверения доверенности, ее регистрационном номере в электронном реестре нотариальных действий единой нотариальной информационной системы, дате и времени внесения сведений об отмене доверенности в данный реестр в случае, если доверенность отменена);
- открытым наследственным делам (сведения о наследодателе, дате его смерти, сведения о нотариусе, ведущем наследственное дело);
- совершение нотариусом исполнительной надписи (сведения о дате совершения исполнительной надписи, нотариусе, совершившем исполнительную надпись);
- внесение в единую нотариальную информационную систему сведений, предусмотренных Законом РК «О нотариате»;
- направление электронной копии право-

устанавливающего документа, удостоверенной электронной цифровой подписью нотариуса, посредством единой нотариальной информационной системы в информационную систему правового кадастра в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество»;

- представление сведений о нотариальных действиях единому накопительному пенсионному фонду в целях осуществления пенсионных выплат;

- представление сведений о нотариальных действиях профессиональному участнику рынка ценных бумаг, осуществляющему деятельность по ведению системы реестров держателей ценных бумаг и депозитарную деятельность, включая направление такому профессиональному участнику рынка ценных бумаг электронной копии правоустанавливающего документа, удостоверенной посредством электронной цифровой подписи нотариуса, посредством единой нотариальной информационной системы. Данные сведения предоставляются профессиональному участнику рынка ценных бумаг только в целях осуществления деятельности, предусмотренной Законом Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг», при наличии у такого профессионального участника рынка ценных бумаг согласия лица, в отношении которого предоставляются данные сведения, на сбор и обработку его персональных данных в соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите»;

- сообщение сведений об открытии наследства.

Несмотря на высокую степень защиты, нотариальная тайна имеет определенные пределы. В частности, законодательство определяет перечень случаев, при которых нотариус обязан предоставить информацию третьим лицам, включая государственные органы и суды. В их числе предоставление сведений с согласия клиента, по запросу суда, правоохранительных органов в рамках расследования, налоговых и антикоррупционных органов, а также в случаях защиты интересов несовершеннолетних и недееспособных лиц. Иногда нотариальная информа-

ция может быть раскрыта адвокатам, если это необходимо для защиты прав их клиентов. Однако любое раскрытие данных должно соответствовать установленным законом требованиям.

Особое внимание следует уделить международному опыту регулирования нотариальной тайны. В ряде стран Европейского Союза и США также существуют аналогичные механизмы, но с определенными отличиями.

Например, в Германии нотариусы обязаны сохранять конфиденциальность даже перед налоговыми органами, за исключением случаев тяжких преступлений. В США существует более гибкий подход, и нотариальная тайна может быть раскрыта при наличии судебного ордера. Казахская правовая система стремится соблюдать баланс между конфиденциальностью и необходимостью обеспечения правопорядка.

Несмотря на установленные пределы, разглашение нотариальной тайны строго регламентировано. Любой запрос информации должен основываться на законных требованиях и оформляться в соответствии с установленными правилами. Закон запрещает нотариусам раскрывать информацию третьим лицам без законного основания, передавать данные коммерческим структурам или частным лицам без согласия заинтересованных сторон, использовать полученные сведения в личных интересах или в интересах третьих лиц, а также разглашать информацию даже после прекращения профессиональной деятельности. Ограничения на разглашение нотариальной тайны обеспечивают баланс между защитой конфиденциальности и необходимостью правоприменения.

Нарушение нотариальной тайны влечет за собой серьезные юридические последствия. Законодательство Республики Казахстан предусматривает несколько видов ответственности, включая дисциплинарную, гражданско-правовую, административную и уголовную. Дисциплинарная ответственность заключается в лишении лицензии на осуществление нотариальной деятельности. Гражданско-правовая ответственность может включать взыскание морального и

материального ущерба с нарушителя. Административная ответственность выражается в виде штрафов, а уголовная применяется в случаях тяжких последствий нарушения конфиденциальности.

В судебной практике Казахстана встречаются случаи, когда нотариусы или их сотрудники привлекались к ответственности за нарушение нотариальной тайны. Например, в одном из дел нотариус передал сведения о завещании без согласия наследников, что привело к судебному разбирательству. В другом случае разглашение нотариальной тайны использовалось для незаконного оформления недвижимости, что повлекло уголовное преследование виновных лиц. Подобные прецеденты подчеркивают важность соблюдения конфиденциальности в нотариальной деятельности.

Анализируя последствия нарушения нотариальной тайны, можно отметить не только юридическую, но и этическую сторону проблемы. Нарушение конфиденциальности подрывает доверие общества к нотариату, что негативно сказывается на правоприменительной практике и правовом климате в стране. Доверие к нотариусам является одним из ключевых аспектов их профессиональной деятельности, и любые утечки информации могут привести к серьезным последствиям как для граждан, так и для государственных структур.

С развитием цифровых технологий возникает новая проблема защиты нотариальной тайны – кибербезопасность. Электронные нотариальные реестры и базы данных становятся объектами интереса злоумышленников, что требует усиления мер безопасности. В связи с этим законодательство Казахстана предусматривает специальные протоколы защиты информации, включая использование криптографических методов шифрова-

ния и многоуровневой аутентификации при доступе к нотариальным документам. Однако остается вопрос о совершенствовании правовых механизмов в данной области, поскольку цифровизация нотариальных услуг продолжает набирать обороты.

Нотариальная тайна является важным инструментом защиты прав граждан и юридических лиц в Республике Казахстан. Законодательство четко определяет ее пределы и ограничения, балансируя между защитой и необходимостью раскрытия информации в отдельных случаях. Нарушение нотариальной тайны влечет за собой серьезную юридическую ответственность, включая дисциплинарные, административные и уголовные меры. Международный опыт показывает, что каждая страна формирует свою модель защиты нотариальной тайны, исходя из правовых традиций и потребностей общества. Казахстан следует сбалансированной стратегии, сочетая конфиденциальность и требования правопорядка. Для эффективного функционирования нотариальной системы необходимо строгое соблюдение законодательных норм, предотвращение злоупотреблений и повышение уровня правовой грамотности среди нотариусов и граждан. В условиях цифровой трансформации нотариальной деятельности особое внимание должно уделяться вопросам кибербезопасности, чтобы предотвратить утечки информации и сохранить высокий уровень доверия к институту нотариата в Казахстане.

**Г. НУРАХМЕТОВА,
к.ю.н., доцент
кафедры гражданского права,
гражданского процесса
и трудового права
юридического факультета
КазНУ имени аль-Фараби**

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

Закон Республики Казахстан от 14 июля 1997 года № 155-І «О нотариате» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.07.2024 г.)

Нотариат Республики Казахстан: учебное пособие. Алматы.: Жеті Жарғы, 2013.

М.И. Дячук Д. Нотариат и наследственное право РК: учебное пособие. - Алматы: Эверо, 2022

ТАТУЛАСТЫРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН БИЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ

Татулық пен тыныштықты тірегіне айналдырған еліміз барлық түйткілді бейбіт шешуге, дауларды бітімгершілікпен бітіруге құш салған. Осыдан-ақ дала заңындағы басты қағиданың, кешірім мен кеңдікке, мәміле мен теңдікке, ортақ бітімге құрылғанын байқау қиын емес. Қазіргі қолданыстағы «Медиация туралы» заң қазақы құқықтық құндылықты тірілтіп, тәжірибеде жаңғыртуымен ерекшеленіп отыр.

«Дау құған пәлеге жолығады, Еңбек құған қазынаға жолығады», «Бір дау бір дауды тудырады», «Кешірім жасау – кеңдік, кешіре алмау – кемдік» деген даналыққа толы мақалдар қазақтың бейбітшілік сүйгіш болмысынан хабар береді. Содан болар халқымыз ел ішіндегі дау-дамайды мейлінше шиеленістірмей, ел ішіндегі беделді билер арқылы әділ шешуге тырысқан. Қазақтың заңдық дәстүрінде Билер институтының орны ерекше. Құқықтық мәдениетіміздің өлшеміне айналған Билер институты бүгінде Билер кеңесі ретінде жер-жерде нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді. Сонымен бірге медиацияны жандандыру, қазақтың құқықтық дәстүрін сақтап қалып, әрі қарай сәтті дамыту мақсатында республика бойынша құрылған Татуластыру орталықтары мен Билер кеңестері баршылық.

«Медиация туралы» заңды қабылдаудағы басты мақсат елдегі даукестік деңгейін төмендету, сот тәртібімен қаралатын дау-дамайларды азайту, соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін енгізуге бағытталған. Медиацияда – еріктілік, тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі және бейтараптығы, медиация рәсіміне араласуға жол берілмеуі, құпиялылық секілді басты бес қағида басшылыққа алынады. Заң



Бақытбек ЕЛШІБЕКОВ,
Судьялар одағы Қызылорда
облыстық филиалының төрағасы

қабылданған алғашқы жылдары медиацияның не екенін, медиатордың қандай қызмет атқаратынын, қаншалықты тиімді екенін түсінбегендіктен, медиациялық келісімдер

көп бола қойған жоқ. Алайда, отандық соттар дауларды сотқа жеткізбей реттеудің, сотта тиімді шешудің қыр-сырын түсіндіріп, насихаттау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізеді. Мұнда мына мәселелерге көңіл аударылды:

1. Заңның тиімділігін, артықшылығын түсіндіру;

2. Медиаторлыққа білікті мамандарды тарту, кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың шоғырын қалыптастыру;

3. Әкімдік, ассамблеяларда медиация бұрыштарын, бөлмелерін ашу;

4. Республиканың түкпір-түкпірінде Билер кеңесін, Ақсақалдар алқасын қалыптастыру;

5. Татуластыру орталықтарының жұмысын жолға қою.

Осындай мақсатты іс-қимылдың арқасында Билер кеңесінің беделі биіктеп, Татуластыру орталықтарының тағылымды жұмыстары көбейді. Қазақстанның әрбір облысында және ірі қалаларында соттар жанынан Татуластыру орталықтары құрылған. Айталық қазіргі кезде әрбір сотта татуластыру орталығы жұмыс істейді. Орталықтарға өтінішпен жүгінетіндер қатары күннен-күнге көбейіп келеді. Бұдан бөлек, республика бойынша көптеген кәсіби медиация ұйымдары тіркелген. Қазақстан халқы Ассамблеясының жанында жұмысын жүргізіп отырған медиация кеңестері мен облыстардағы достық үйлерінде орналасқан медиация кабинеттерінің, ауыл, аудан деңгейінде жұмысын үйлестіріп келе жатқан қоғамдық келісім кабинеттерінің саны мен танымалдығы жыл өткен сайын артуда.

Қазақстан Республикасы Медиаторлар қауымдастығының мәліметінше, 2024 жылы елімізде 544 кәсіби медиатор мен 4465 кәсіби емес медиатор тіркелген. Олардың саны жыл санап көбейіп келеді. Медиаторлардың ең көбі Астана және Алматы қалаларында шоғырланған. Медиацияға деген оң көзқарастың арқасында татуласумен түйінделетін істердің де біртіндеп көбейіп келе жатқаны байқалады. Осы қауымдастықтың ұсынған дерегіне сәйкес, медиаторлар қараған істердің 40 пайызын отбасылық даулар, 30 пайызын еңбек даулары, қалғанын қаржы және мүліктік даулар құраған.

Қазақстанда Татуластыру орталықта-

ры мен Билер кеңесіне қатысты жағымды пікірдің орныққанын жұмыс көрсеткішіне қарап та бағамдауға болады. Олар сот жүйесінің жүктемесін азайтып, қоғамдағы дауларды бейбіт жолмен шешуге ықпал етуде.

Мысалы, Қызылорда облысында Билер кеңесі облыстық, қалалық және аудандық деңгейде құрылып, белсенді жұмыс істеп жатыр. Біздің өңірдегі Билер кеңесі 2019 жылы құрылып, оның төрағасы ретінде отставкадағы судья Зейнулла Нұрсейітов тағайындалған. Кеңес құрамында ардагерлер кеңесінің өкілдері, қоғам белсенділері, отставкадағы судьялар мен әділет, қаржы, атқарушылық орган өкілдері бар. Облыстың барлық аудандарында және Байқоңыр қаласында Билер кеңесі құрылған. Олардың жұмысы қоғамдағы дауларды сотқа дейін шешуге, татуластыру рәсімдерін насихаттауға және ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған.

Қызылорда облысының Билер кеңесі өте белсенді жұмыс жүргізеді. Айталық Билер кеңесінің кезекті отырысы Сырдария ауданында өткізілді. Іс-шараға Қызылорда облыстық Билер кеңесінің төрағасы З.Нұрсейітов, Сырдария аудандық сотының төрағасы Р.Алдамбергенов, судья Д.Ералиев, Сырдария ауданы бойынша Билер кеңесінің төрағасы М.Келдібаев, кеңес мүшелері М.Елеусінов пен К.Мұстафаев қатысты.

Сот төрағасы Р.Алдамбергенов дауларды соттан тыс реттеудің аса маңыздылығын айтып, соның бір айғағы ескіні жаңғырта отырып, кез келген дауды өршітпей, тез бітірудің тың тәсілдерін жетілдіру қажеттілігіне байланысты ауданда 2019 жылы Билер кеңесі құрылып, жұмыс жасап, тәжірибе қалыптастырғанын жеткізді. Кеңес төрағасы З.Нұрсейітов 2024 жылы өткен республика судьяларының IX съезіне делегат ретінде қатысқан болатын.

Жиын барысында З.Нұрсейітов соттағы жаңашылдықтар, алдағы күнге қойылатын талаптар мен тілектер туралы айтып, Билер кеңесінің жоспарларын көпшілік талқысына салды. Сондай-ақ қазіргі қоғамда Билер кеңесі азаматтық дау-дамайларды шешіп, істі сотқа дейін жеткізбей әрекет ете алатынын, Сырдария ауданы бойынша Билер

кеңесі мүшелерінің барлығы білімді, тәжірибесі мол, ел алдында жүрген беделді азаматтар екенін айтты. Жалпы, Сырдария ауданы ғана емес, Қызылорда облысының өзге аудандарындағы Билер кеңесі мен сот жанындағы Татуластыру орталықтарының қоғамға да, азаматтарға да берері мол.

Бітіммен біткен істердің көбейіп, медиацияның халыққа қаншалықты жақын, тиімді екенін білгендіктен, Татуластыру орталықтары мен Билер кеңесін жандандыру, жұмысын жолға қою, іс-шараларын дамыту бойынша атқарылатын жұмыстар жалғасып, жетілдіріле беруі керек. Ол үшін мынадай басымдықтарды назарда ұстаған жөн.

Біріншіден, Татуластыру орталықтары мен Билер кеңесінің құқықтық мәртебесін нақтылау аса өзекті. Себебі, бұл құрылымдар төрт аяғын тең басып, медиацияны дамытуға серпінді ықпал ету үшін олардың мәртебесі мен қызметі де құқықтық, заңдық тұрғыдан бекітілуі керек.

Екіншіден, Билер кеңесінің шешімдерін заңмен реттеп, белгілі бір құқықтық күшке ие болуын қамтамасыз ету де аса маңызды қажеттіліктің бірі. Бұл бүгінгі күні қоғамдық негізде қызмет етіп келе жатқан Билер кеңесінің беделін биіктетіп, ел ішіндегі дауларды бітіммен шешуге көмегін тигізеді.

Үшіншіден, сотқа дейінгі міндетті татуластыру кезеңін енгізу, ұсынылатын даулар ретін анықтау, құрамын кеңейту де кезек күттірмейді. Соның нәтижесінде азаматтар сот әуресінен құтылады, соттың жүктемесін жеңілдетуге жағдай жасалады.

Төртіншіден, Татуластыру орталықтары мен Билер кеңесінің жұмысын, тиімділігін халық арасында барынша танымал ету бағытында ауқымды жұмыстар жүргізу керек. Тұрақты қолға алынған ақпараттық түсіндіру шаралары, Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі пайдалы жазбалар халықтың медиацияға қатысты түсінігін кеңейтіп қоймай, Билер кеңесі мен Татуластыру орталықтарының жұмысын зерделеуге, дауды барынша мәмілемен шешуге деген ықыласын оятады. Осы тұста Билер кеңесі мен Татуластыру орталықтарында татуласқан, ортақ келісімге келген тараптар туралы тұрақты жазып, көрсетіп отырудың пайдасы мол болмақ. Татуласқан

адамдардың нақты оқиғаларын жариялау өзгелерге сабақ болып, өз мәселесін ұтымды реттеуіне жол ашады.

Бесіншіден, Татуластыру орталықтары мен Билер кеңесінің құрамын тәжірибелі, елге сыйлы, көпшілік алдында беделі бар, тіл байлығы зор, көргені мен көңілге түйгені мол азаматтардан жасақталғаны дұрыс. Беделді азаматтар өзіне сендіре алады. Сондай-ақ, мектептер мен колледждерде «Медиация негіздері» оқытылса құба-құп. Жастарды даукестіктен сақтандырудың тиімді жолы осы.

Билер мен медиаторлардың біліктілігін көтеру, білімін жетілдіру үнемі назарда тұруы шарт. Мамандардың бір-бірімен тәжірибе алмасып, білгенімен бөлісіп, білмегенін үйрететін құқықтық алаңдар құру да кезек күттірмейді. Қызылорда облыстық соты осы бағытта нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді. Медиацияны дамыту, медиаторлардың тәжірибесін шыңдап, татуластырушы судьялардың жұмысын жандандыру бағытында ұйымдастырылған семинар-тренингтердің пайдасы орасан. Мұндай дәрістерде құқықтық сауатты көтеру, тараптар психологиясын меңгеру, конфликтология салаларындағы ескерілуі керек мәселелер жан-жақты талқыланып, қажетті кеңестер беріледі.

Татуластыру орталықтары мен Билер кеңесінің жұмысын жандандыруда инфрақұрылымдардың қолжетімділігі де аз рөл атқармайды. Қазіргі кезде ауылдар мен қалаларда татуластыру бөлмелері немесе орталықтар бар. Бірақ солардың көпшілігі заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілмеген. Егер бұл мәселе шешімін тапса, онда Билер кеңесі мен Татуластыру орталықтарының мамандары онлайн кеңес беріп, қашықтан отырып-ақ тараптарға түзу жол нұсқай алар еді. Онлайн форматта татуластыру қызметін ұйымдастыру – бүгінгі заманның басты бағдары болуы тиіс.

Қоғамда Татуластыру орталықтары мен Билер кеңесінің жұмысын бір жүйеге келтіру – қазақы дәстүрді жаңғыртудың, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың мүмкіндігі. Сондықтан мемлекет, қоғам және азаматтар бұл бағытта ұйымдаса жұмыс жүргізуі қажет.

ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ – БАРШАҒА МІНДЕТ

Қауіпсіз қоғам құру мемлекетіміздің басты бағыттарының бірі. Мемлекет басшысының «заңға құрмет - әрбір азаматқа ортақ міндет» екенін әр сөзінде айтуы соның дәлелі. Өйткені, қылмыспен күресу, қоғамдық тәртіпті сақтау, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету Әділетті Қазақстанды құрудың басты шарты саналады. Сондықтан, қауіпсіз қоғам құруға әрбір қазақстандық азамат атсалысуы тиіс. Осыған орай, ел халқын қылмыстық жауапкершілік түрлерінен хабардар еткенді жөн көріп отырмыз.

Қылмыстық кодекстің 293-бабымен бұзақылыққа қолданылатын жазалар белгіленген. Атап айтсақ, осы баптың 1-бөлігіне сәйкес, бұзақылық, яғни, қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан қылмыстарға бес жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүзден алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не осы мерзімге бас бостандығынан айыру жазалары көзделген.

Егер дәл сол іс-әрекет адамдар тобының қатысуымен алдын ала сөз байласу арқылы жасалса, сондай-ақ, билік өкіліне не қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын немесе қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын кесетін өзге де адамға қарсылық көрсетумен байланысты болса, әрі бірнеше рет жасалса үш мың мен жеті мың АЕК аралығында айыппұл салынады немесе осы мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту



Ержан БАЙБОЛОВ,
Еңбекшіқазақ аудандық
№2 сотының төрағасы

не үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұл жазалар әуе, өзен, теңіз кемесінің бортында, теміржол көлігінде жасалған жағдайда да қолданылады.

293-баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, атыс қаруын, газды қаруды, пышақтарды, кастеттерді және өзге де суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған басқа да заттарды қолданып немесе қолдануға тырысып жасалған, сол сияқты қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттерге бес жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазалары қарастырылған.

Өткен жылы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына, вандализм көрінісіне және бөтеннің мүлкін бүлдіруге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы қабылданып, соған орай қылмыстық заң күшейтілгені баршаға мәлім. Мысалы, осы заңмен алғаш рет вандализм қылмысының сараланған құрамдары айқындалды.

Қылмыстық кодекстің 294-бабына сәйкес, вандализм, яғни мемлекет қорғайтын тарихи-мәдени мұра нысандарын, тарихи және мәдени ескерткіштерді, табиғи нысандарды жазулармен немесе суреттермен, қоғамдық имандылыққа қиянат жасайтын өзге де әрекеттермен қорлағандар бір жүз бен екі жүз АЕК мөлшерінде айыппұл арқалайды. Сондай-ақ, сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не елу тәулікке дейін қамаққа алу жазалары бекітілді. Мұндай қылмыс жасағандар бұрын қылмыстық жауапкершілікке 16 жастан тартылса, қазіргі күні 14 жасқа қысқартылды. Яғни, қылмыстық жауапкершілік 14 жастан қолданылады. Мысалы, вандализммен күрес, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік немесе діни араздық себебімен, бір топ адам немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жасаған, әсіресе, қараулықпен әдейі әрі бірнеше рет вандализм жасау жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлардың қатарына жатқызылды. Тағы басқа қыл-

мыстық әрекеттер мен оларға қолданылатын жаза түрлері осы баптың 2-бөлігімен нақтыланған.

Биылдан бастап есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер болып табылмайтын улы заттарды не оларды дайындауға немесе қайта өңдеуге арналған құрал-саймандарды немесе жабдықтарды өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, жөнелту, заңсыз өткізу әрекеттерін жасағандар мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұған қоса Қылмыстық кодекс 301-1-бабымен толықтырылды. Шегілмейтін темекі бұйымдарын, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), оларға арналған хош иістендіргіштер мен сұйықтықтарды сатқандарға екі жүз айлық АЕК-ке дейін айыппұл салынады немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартылады, сонымен бірге, елу тәулікке дейін қамаққа алу жазасы да көзделген.

Егер осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді қылмыстық топ жасаса және олар аса ірі мөлшерде кіріс алумен ұштасса әрі бірнеше рет жасалса мүлкі тәркіленіп, бес мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу, сол мөлшерде түзеу немесе бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, бес жылға дейін бас бостандығын шектеу, сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазаларының бірі қолданылады.

Қылмыстық кодекске «адам саудасына байланысты қылмыстар» ұғымы енгізілді. Бұл ұғымда адам ұрлау, адамды заңсыз бас бостандығынан айыру, адам саудасы, оның ішінде кәмелетке толмағандарды сату, жезөкшелікпен айналысуға итермелеу және басқа да қауіпті қылмыстық әрекеттерді қамтиды. Мұндай қылмыстық әрекетке барғандар татуласу арқылы қылмыстық жауапкершіліктен босатылмайды. Қауіпсіз қоғам құру жауапкершілігін әр адам өз міндетіне алып, соған өз үлесін қосқанда ғана діттеген межеге жетеріміз анық.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҒЫН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Ата Заңның 7-бабына сай мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Демек, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып саналады.

«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі», «Тілі өлген ел-тірі өлген ел», «Тіл-ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі» деген мақалдар мен қанатты сөздерді қазақ халқы бекер айтпаған. Ақын Расул Ғамзатов:

Егер тілім ертең болса құрымақ,

Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ.... деп жырлаған. Бұл ақынның өз ана тіліне деген шексіз махаббаты мен құрметін көрсетеді. Еліміздің әрбір азаматы, әсіресе, мемлекетті құраушы халық жаппай өз ана тілі - қазақ тілінің болашағына жауапкершілікпен қараса, онда мемлекеттік тіл мәселесі мүлде болмас еді.

Енді Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотында 2024-2025 жылдары мемлекеттік тілде қаралған істердің санына шолу жасап көрейік. Өткен жылы сотқа жалпы саны 36 794 іс келіп түсті. Мұның 8 318-і мемлекеттік тілде болды, яғни, жалпы түскен істердің 22,6 пайызын құрады. 96 азаматтық іс бойынша іс жүргізу тілі орысшадан қазақшаға өзгертілді. Жыл соңында 7 754 іс мемлекеттік тілде аяқталды.

2025 жылдың 27 наурызына дейін сотқа 11 729 іс түссе, соның 4 825-і мемлекеттік тілде болды. Бұл жалпы түскен істердің 41,1 пайызына тең. 2 азаматтық іс орыс тілінен қазақ тіліне өзгертілді. 2024 жылдың бірінші тоқсанында бұл көрсеткіш 21,4 пайыз-



Сәуле САКОВА,
Шымкент қаласының азаматтық
істер жөніндегі ауданаралық сотының
судьясы

ды құраған болатын. Салыстырмалы түрде алғанда былтырғыға қарағанда 19,7 пайызға өсті. Мұндай оң нәтижені, яғни, өсу көрсеткішін сот төрағасы мен осы соттың судьясы Е.Отарбаевтың еңбегімен байланыстыруға болады. Олай дейтініміз, сот төрағасы заңды тұлғалардың өкілдерімен кездесулер өткізіп, мемлекеттік тілдің қоданыс аясын кеңейту мақсаты мен тілдің мәртебесі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда сотқа мемлекеттік тілде түсетін істердің саны едәуір артып келеді.

Мемлекеттік тілде берілген талап қоюлар мен арыздар санының артуы халықтың қазақ тіліне деген құрметін байқатады. Сан өсті, дегенімен, сапа жағының әлі де болса сын көтермейтіні шындық. Бұған мемлекеттік тілде келіп түскен кейбір талап қоюларда кездесетін өрескел қателіктер дәлел. Атап атқанда, «талап қоюшы» сөзінің орнына әлі күнге дейін «талапкер» деген сөз қолданылады.

Талапкер сөзінің азаматтық заңнамадан алынғанына бірнеше жылдың жүзі болды. Себебі, талапкердің аудармасы «абитуриент» дегенді білдіреді. Соған қарамай, адвокаттар мен заңгерлер, өкілдер талапкер деп жазуда. Осы мәселедегі тағы бір айтып өтерлік жайт, талап-арыз, талап қою арызы деп қолданылуда. Бұл да қате. Өйткені, қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне 2021 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, «талап-арыз», «талап қою арызы» деген сөздер «талап қою» деп өзгертілген.

Дұрысы Азаматтық процестік кодекс, бірақ, бүгінге дейін заңгерлер Азаматтық іс жүргізу кодексі деп қолдануда. Осы тұста заңмен бекітілген сөздер қолданылмайтын болса, не үшін өзгеріс жасалды деген сұрақ туады. Тілді қолдануда бұдан басқа да кемшіліктер жетерлік. Солардың бірі мемлекеттік тілде алдымен адамның аты, одан кейін әкесінің есімі және тегі жазылады. Бұл талаптар да бізде сақталмайды. Сондықтан, тілді түзеуге жеткілікті түрде көңіл бөлінгені абзал.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 14-бабына сай, азамат-

тық істерде сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Сонымен қатар, сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың жазбаша өтінішхатының негізінде сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге болады. Егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшы өкілінің талап қою берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады.

Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде меңгермеген іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар, шағымдар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, сот актілеріне дау айту, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, сондай-ақ, осы кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріліп, қамтамасыз етіледі.

Сот азаматтық сот ісін жүргізуде сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдарға заң бойынша қажетті іс материалдарының аудармасымен ақысыз қамтамасыз етеді. Сотта іске қатысатын адамдарға сотта сөйлейтіндердің басқа тілде сөйлейтін бөлігін сот ісін жүргізу тіліне аударуы үшін аудармашы ақысыз қызмет етеді. Алайда, аудармашының тапшы екені ешкімге де жасырын емес. Жалпы алғанда, өкілдер де аудармашымен қамтамасыз етіледі. Бұл қаншалықты дұрыс? Сотқа қатысатын өкілдің негізінен екі тілге де бірдей жетік болғаны жөн. Өйткені, ол сотқа үлкен жауапкершілік алып, басқа адамның сенімін арқалап келеді. Сондықтан, мемлекеттік тілдің болашағы өзімізге байланысты екенін ұмытпайық.

ПУТЕМ МИРНОГО УРЕГУЛИРОВАНИЯ

В июле 2020 года Глава государства подписал принятый Парламентом РК Административный процедурно-процессуальный кодекс, который введен в действие с июля 2021 года. С момента введения в действие АППК административные органы имеют возможность разрешить все возникшие в ходе административной процедуры спорные вопросы путем мирного урегулирования.

Необходимо отметить, что ранее при рассмотрении жалоб на действия и решения государственных органов в порядке гражданского судопроизводства (глава 29 Гражданского процессуального кодекса РК) применение примирительных процедур было невозможно, ввиду наличия прямого запрета, предусмотренного действующим на то время законодательством.

В настоящее время ст. 120 АППК предусмотрено, что стороны на основании взаимных уступок могут полностью или частично окончить административное дело путем заключения соглашения о примирении, медиации или об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры на всех стадиях (этапах) административного процесса до удаления суда для вынесения решения. Примирение сторон допускается при наличии у ответчика административного усмотрения.

В суде участники административного процесса вправе урегулировать спор в порядке медиации не только с участием профессионального медиатора, но и с участием судьи, в производстве которого находится административное дело.

Председательствующий судья, как правило, предлагает сторонам урегулировать возникшие спорные вопросы мирным путем, в связи с чем производство по делу может быть приостановлено по заявлению лиц, участвующих в деле, либо по инициативе суда на срок не более десяти рабочих дней в соответствии с п. п. 7) ст. ст. 273, 179 ГПК.

В случае если стороны приняли решение провести процедуру медиации с участием профессионального медиатора, производство по делу приостанавливается в обязательном порядке на срок не более одного месяца.

Соглашение о медиации должно отвечать требованиям исполнимости в принудительном порядке и содержать условия, на которых сто-



Аманкельды МУСЛИМОВ,
судья специализированного
межрайонного административного суда
Карагандинской области

роны пришли к примирению, а также порядок распределения судебных расходов, в том числе расходов на оплату услуг представителей.

Суд не утверждает соглашение о медиации, если его условия противоречат закону или нарушают права, свободы и законные интересы других лиц.

При утверждении судом соглашения сторон о медиации выносится определение о возвращении иска полностью или в соответствующей части.

Плюсы медиации, конечно, налицо, поскольку в этом случае стороны экономят свое время, а процедура медиации позволяет прийти к решениям, которыми учитываются интересы всех участников административного процесса, и как результат – нет побежденных и проигравших.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖИНАУҒА ТАЛАП ҚОЮШЫ ДА ҚАТЫСАДЫ

Елімізде жария-құқықтық қатынастардағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың толыққанды және кешенді институты жұмыс істегеніне бес жылға жуықтады. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар бүгінде жария-құқықтық дауларды тиімді қарауда. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде (ӘРПЖК) жария-құқықтық қатынастардан туындаған дау-дамайды шешудің оңтайлы тетіктері жан-жақты қамтылған.

Осы кодекстің негізінде азаматтар нұқсан келтірілген құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Алайда, заңда дауды сотқа дейін реттеу тәртібі көзделсе, осы талап сақталғаннан кейін ғана жүгіне алады. Яғни, сотқа келмес бұрын құқығы мен бостандығын бұзатын әкімшілік актіге деген шағымын оны шығарған мекемеден жоғары тұратын органға беруі тиіс. Тиісті орган мәселені шешпеген жағдайда ғана сотқа шағымданады.

Кез келген істе нақты дәлелдемелер мен оны дәлелдеу ақ-қараны ажыратуда маңызды рөл атқарады. ӘРПЖК-нің 129-бабымен айқындалғандай, талап қоюшы өзінің мүмкіндігіне қарай дәлелдемелерді жинауға қатысуы керек. Яғни, ол талап қою түріне қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің бұзылғанын растайтын уақыт пен келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеуге міндетті. Осы тұста айтып өтерлігі, әкімшілік іс дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау, тану туралы талап қоюлардың негізінде қозғалады. Дау айту жөніндегі талап қоюда дәлелдеу ауыртпалығы әкімшілік актіні қабылдаған жауапкерге жүктеледі. Ал мәжбүрлеу туралы талап қоюдың сұратылып отырған әкімшілік актіні қабылдаудан бас тартуға негіз болатын фактілер бөлігінде



Гүлназ ОСПАНОВА,
Алматы қаласының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

жауапкер, өзі үшін қолайлы әкімшілік актінің қабылдануына негізделген фактілер бөлігінде талап қоюшы көтереді. Жауапкер талап қоюшы қалаған әкімшілік актіні қабылдамауға негіз болатын нақты шарттарды ұсынған жағдайда оларды дәлелдеу міндетін өз мойнына алады.

Талап қоюдың үшінші түрі әрекет жасауда әрекет пен әрекетсіздік танытудан бас тартуға негіз болып табылған фактілер бөлігінде жауапкер және өзі үшін қолайлы фактілер бөлігінде талап қоюшы міндеттеледі. Тану туралы талап қою бойынша қандай да бір құқықтық қатынастың болуын немесе болмауын растайтын фактілер бөлігінде талап қоюшы және бұдан былай заңды күші жоқ ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің, сондай-ақ, қандай да бір жасалған әрекет пен әрекетсіздіктің құқыққа сыйымдылығын негіздейтін фактілер бөлігінде жауапкер көтереді. Жауапкер әкімшілік актіде көрсетілген негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады. Барлық дәлелдеме зерттеліп біткеннен соң да әкімшілік істің нәтижесіне негізделген қандай да бір факт дәлелденбей қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда әкімшілік істі қарап, шешудің теріс салдарын осы фактіні дәлелдеудің ауыртпалығын міндеттелген тарап көтереді.

Сот процестің барлық сатысында формальды қателерді жойып, түсініксіз сөздерді нақтылауды, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруді, толық емес нақты деректерді толықтыруды өз міндетіне алады, сонымен қатар, істің мән-жайын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемені беруге жәрдемдеседі. Әкімшілік сот ісіндегі дәлелдеудің басты ерекшелігі соттың белсенді рөлі қағидатымен байланысты. Яғни, әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болса, сот оларды өз бастамасымен жинайды.

Әкімшілік процеске қатысушылар да шет қалмай сот талап еткен құжаттар мен мәліметтерді, сілтеме жасайтын электрондық құжаттарды немесе олардың үзінді-көшірмелерін беруі, мүмкіндіктеріне қарай дәлелдемелерді жинауы тиіс. Өйткені, тараптардың сотқа іске қатысты дәлелдемелерді толық жинауға көмектесуі заңмен көзделген. Та-

раптардың дәлелдемелерді жойып, жасыруы, олардың жеткілікті түрде зерттеліп, бағалануына кедергі жасауы заңға қайшы әрекет болып табылады. Мұндай кезде сот дәлелдеу ауыртпалығын кедергі келтіруші тарапқа жүктеуі мүмкін.

Сот белгілеген мерзімде дәлелдемелер ұсынылмаса немесе оларды ұсыну мүмкін еместігі хабарланбаса ӘРПК-нің 127-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылады. Мысалы, сот процестік құқықтарды теріс пайдаланып, міндеттерін орындамаған тұлғаның әрбір әрекет пен әрекетсіздігі үшін он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алу шарасын қолдануға құқылы. Ақшалай өндіріп алуды төлеу ұйғарым табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінде республикалық бюджеттің кірісіне өндіріледі. Қажетті құжаттар мен актілер мазмұнының ашылуы заңмен қорғалатын мүдделерге нұқсан келтіретін, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитын болса олар жабық сот отырысында зерттеледі. Бұл туралы сот ұйғарымы шығарылады.

ӘРПК-нің 149-бабына сәйкес, дәлелдемелерді зерттеу, дәлелдеу нысанасы мен шектері жазбаша іс жүргізудің сипаты мен ерекшеліктері ескеріле отырып, ҚР Азаматтық процестік кодексінің нормаларында белгіленеді. Әкімшілік процестің тараптары жазбаша дәлелдемені ұсынған адамдарды қоспағанда, мұндай дәлелдеменің қатыстылығына, жарамдылығына және анықтығына дау айту құқығына ие. Жазбаша талқылауда әкімшілік істің тез шешілуіне ықпал ететін ауызша талқылау үшін көзделген дәлелдемелерді жинап, зерттеуде сот Азаматтық процестік кодекс қағидаларынан ауытқи алады. Мұндай кезде сот жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын тағайындайды. Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады.

Азаматтардың билік органдарымен қарым-қатынасындағы құқықтарын қорғау мақсатында қабылданған ӘРПК әкімшілік қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыруымен құнды.

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРДІҢ БІРКЕЛЖІЛІГІ – ЕЛ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ

Соңғы уақытта Қазақстанның сот саласында елеулі өзгерістер орын алуда. Соның ішінде қоғамның қарқынды дамуы тиімді және ашық әкімшілік әділет институтының қолға алынуына түрткі болды. Себебі, азаматтардың мемлекетке, сотқа деген сенімін нығайтудың бірден-бір тетігі мемлекеттік органдардың әрбір шешімінің заңдылық пен әділдікке негізделуімен өзектес.



Көпшілік қалауын, азаматтар пікірін ескерген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына орай әкімшілік әділет жүйесін орнықтыру, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін дайындау бағытындағы жұмыстардың сәтті жүзеге асқанына жұртшылық куә. Әкімшілік соттардың

құрылып, ӘРПК-нің тәжірибеде кең көлемде қолданылып келе жатқанына да үш жылдан асты. Бұл уақыт жаңа институт пен жаңа заңның, сондай жаңа соттардың жұмысын қорытындылауға, баға беруге жеткілікті.

Осы жылдар ішінде әкімшілік юстиция қоғамға әділ, тиімді және қолжетімді екен-

дігін толық дәлелдеді. Сонымен бірге бұл соны институт дауларды тек мемлекет пен мемлекеттік органдардың пайдасына шешу туралы қоғамда жылдар бойы қалыптастып қалған қасаң стереотиптерді өзгертті. Әкімшілік соттардың жыл өткен сайын артып келе жатқан жүктемесіне қарап, бұл соттарға деген сенімнің нығайғанын байқауға болады.

Мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне шағымданған азаматтардың көп жағдайда сотта жеңіске жетуі әкімшілік әділеттегі тенденцияның айтарлықтай өзгергенін аңғартады. Жоғарғы Сот ұсынған статистика көрсеткендей, республика соттарында мемлекеттік органдардың шешімдеріне, әрекеттеріне және әрекетсіздігіне шағымданушылардың 60 пайызға жуығының талабы қанағаттандырылғанын аңғаруға болады. Осының өзі жылдар бойы ескі ережелермен жұмыс істеген мемлекеттік аппарат пен Үкімет басшылығының қызметін жүйелеуге серпін бергені анық.

Әкімшілік әділет институтының мемлекетке әкелген жаңашылдығы мен оң әсері аз емес. Біріншіден, осы институттың қолға алынуы отандық заңнама базасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен толығына ықпал етті. Бұл құжат мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтардың заңдық құқығы мен мүддесін теңестірген маңызды құжат ретінде мойындалды. Екіншіден, әкімшілік сот алаңында азаматтар мен бизнестің мәселелерін шешу арқылы мемлекеттік органдар мен шенеуніктердің жұмыс сапасын арттыруға қолжеткізілді. Себебі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енбей тұрып, мемлекеттік органдардың мықты ресурсы мен пәрменінен қорыққан жеке және заңды тұлғалар сот арқылы құқығы мен мүддесін қорғауға батылы жете бермейтін.

Ал жаңа заң халыққа сенім берді. Соның арқасында сотқа жүгінетіндер саны артып, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардағы кемшіліктерді айқындауға, қателіктерді дер кезінде жоюға көмектесті. Алдағы уақытта мемлекеттік органдардың жұмысын бағалау тетігі ретінде әкімшілік соттардың шешім-

дері назарға алынса, құзырлы органдар кемшілікті жойып қана қоймай, азаматтарға сапалы қызмет етудің мүмкіндіктерін барынша қарастыратын еді.

Қазіргі уақытта кодекс «халықтық» сипатқа ие болды. Осы жаңашылдықтың арқасында азаматтар мен бизнес өздерін қауіпсіз сезіне бастады. Қазақстанда инвесторлар үшін жақсы іскерлік ахуал қалыптасуда. ӘРПК қабылданғанға дейін ешкім мемлекеттік органдармен татуласуға болатынына сенбейтін. Алайда республика бойынша қалыптасқан статистика әкімшілік дауларды шешуде татуластыру рәсімдерінің жыл өткен сайын көбейіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл да болса бастаманың дұрыстығын көрсететін бірегей қадам.

Ендігі жерде сот шешімдерінің сапасын арттырып қоймай, біркелкі әкімшілік практиканы қалыптастыру міндет. Сондай-ақ, әкімшілік рәсімдер мен актілердің біркелкілігі қағидасын заңнамалық тұрғыдан бекіту маңызды. Бұл түзетулер мемлекеттік органдардың әкімшілік рәсімдерді сақтауын қамтамасыз етуге және олар шығаратын актілердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінде Үкімет қаулысымен әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі әкімшілік органдардың қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілген.

Ережелер әкімшілік актілер мен әкімшілік практиканы қамтитын әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру тәртібін анықтайды. ӘРПК-нің 15-1-бабына сүйені отырып қолға алынатын бұл іс-әрекеттердің нәтижесі халық көңілінен шығары анық. Себебі, әкімшілік практиканың біркелкілігін қалыптастыру құқықтық сенімділікті нығайтудың, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтудың, әкімшілік рәсімдерді оңайлату және оңтайландырудың, сондай-ақ әкімшілік органдарға деген сенімді арттырудың кепілі болып табылады.

**Меруерт ТОҒЫЗБАЕВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы**

БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ МЕРЗІМІ БЕС ЖЫЛДАН АСПАУЫ ТИІС

Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңында банкрот болып танылудың үш рәсімі, яғни, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот арқылы банкроттықты қолданудың тәртібі мен шарттары белгіленген. Осыған сай, азаматтар аталған рәсімдердің бірін таңдап, қордаланған берешектерінен құтыла алады. Дейтұрғанмен, бұл қатарға алимент, сонымен қатар, адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян мен қылмыстық, құқық бұзушылыққа қатысты шығындар кірмейді.

Қарызын бес жылға дейін бөліп төлеу тұрақты табысы, т.б. мүмкіндігі бар борышкерлер үшін өте тиімді тәсіл саналады. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру сотта қаралады. Бұл үшін борышкер тұрғылықты жеріндегі сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызбен жүгінеді. Өтініш беру тәртібі сақталмаса сот оны кері қайтарады. Заңмен белгіленген талаптарға сай, жазылған өтініш негізінде сотта төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарылады. Осы күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы борышкердің мүлкіне түгендеу жүргізеді. Мүлікті түгендеу кезінде борышкердің өзімен бірге жақын туыстары немесе оның өкілеттік беруі бойынша өзге адамдар да қатыса алады.

Қолданыстағы заңға сай, азаматтар қарыз бойынша уақыты өтіп кеткен міндеттемелері мен мүлкі болмаса да төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алады. Сотта төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімді қабылдауда осы заңның 24-бабы 1-тармағының 1) тармақша-



Данияр АЛТЕЕВ,
Шымкент қаласының Азаматтық
істер жөніндегі ауданаралық сотының
судьясы

сында көзделген қаржы басқарушысының қорытындысы ескеріледі. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын қаржы басқарушысы борышкермен бірге дайындап, онда болжалды кіріс көздері көрсетеді. Оны сот бекітеді. Аталған заңның 29-бабында борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары көрсетілген. Мұндай жоспарда алынатын кірістер мен ағымдағы шығыстар, кредиторлардың талаптарын қанағаттандыратын кесте, борышкердің ай сайын өзінде қалдыратын ақшасы, жалпы айтқанда, төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған барлық қаржылық, құқықтық және заңға қайшы келмейтін өзге де іс-шаралар қамтылады. Жоспар бес жылға жасалғанымен мерзімінен бұрын орындалуы мүмкін, бірақ, бұл уақыттан аспауы керек.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында борышты төлеуді кейінге қалдыруды, бөліп төлеу, борышты немесе бір бөлігін, оның ішінде тұрақсыздық айыбын кешірту, қарызды пайдаланғаны үшін сыйақының пайыздық мөлшерлемесін төмендету, қарыз шартын орындаудың жалпы мерзімін бір мезгілде ұлғайта отырып, тұрақты ағымдағы төлемдердің мөлшерін азайту, міндеттемені орындау тәсілін өзгерту, т.б. 29-баппен көзделген және Республика заңдарына қайшы келмейтін шараларды қарастыру мүмкіндігі бар.

Қаржы басқарушысы соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген соң бір айдан кешіктірмей борышкерді қатыстыра отырып үлгілік жоспардың нысаны негізінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын әзірлейді. Әрі оны кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға жібереді. Кредиторлар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасына он жұмыс күні ішінде өздерінің ұсыныстарын, ескертулерін енгізуге құқылы. Он күннен кешіктіріліп енгізілген ұсыныс-ескертулер қабылданбайды. Яғни, барлығы заң талабына сай келуі тиіс.

Бұдан кейін қаржы басқарушысы бес жұмыс күні ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын жасап, оны сотқа, сондай-ақ, талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға жібереді. Кредиторлардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасына енгізген ұсыныстары мен ескертулері сотқа түпкілікті жоспармен бір мезгілде берілуі керек. Түпкілікті жоспарды жасау кезінде кредиторлардың ұсыныс-ескертулері ішінара немесе толық көлемде ескерілмеген жағдайда қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату кезінде барлық кредитордың талабын қанағаттандыру үшін болжамды сома көрсетілетін есеп-қисаптарды төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарымен қоса жібереді.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің соттан тыс және сот арқылы банкроттыққа қарағанда өзіндік артықшылықтары бар. Төлем қабілеттілігі қалпына келтірілген адам «банкрот» мәртебесін алмайды. Осы себепті, оған банкроттыққа көзделген салдарлар қолданылмайды. Яғни, оған қатысты қаржылық мониторинг жүргізіліп, несие алуына қандай да бір шектеулер қойылмайды. Бұған қоса оның қарыздың бір бөлігін есептен шығару мүмкіндігі бар.

Осы заңмен көзделгендей, борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын өзі дербес орындайды. Ал кредиторлар жоспардың орындау барысын бақылауға құқылы. Жоспарды орындаған соң борышкер бұл туралы кредиторларға хабарлап, сотқа рәсімді аяқтау туралы өтініш хат береді. Соның нәтижесінде сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау туралы шешім шығарады. Керісінше жағдайда, яғни, орындай алмаса борышкер жоспарланған іс-шара мерзімі бітісімен бір ай ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш хатпен сотқа жүгінеді. Төлем қабілеттілігін орындамаудың өзге де салдарлары осы заңның 33-бабымен нақтыланған.

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ БОЙЫНША ІСТЕРДІ ҚАРАУ

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың «Заң - адам пайдасына жазылады, адам - заң үшін тумады ғой» деген қанатты сөзі көпшілікке жақсы таныс. Расында мемлекеттегі кез келген заң азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғау, халыққа жайлы жағдай, қауіпсіз орта қалыптастыру үшін қабылданады. Осындай биік мақсат пен мүддені көздеген жаңа құжаттың бірі деп «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңын атауға болады.

Бұл маңызды құжат 2023 жылғы 1 наурыздан бері қолданысқа енгізілген. Осы заң арқылы азаматтардың қаржылық мүмкіндігін жақсарту, несие алу кезіндегі мүддесін тиімді қорғау, борышкерлердің жауаптылығын арттыру көзделді. Жалпы елімізде бүгінгі күнге дейін отандық банктер мен қаржы ұйымдарын қаржылық қиындықтан шығару, төлем қабілетін жақсарту бағытында ауқымды шаралар қолға алынды. Соның арқасында мемлекеттік көмек пен субсидияларға қол жеткізген банктер мен қаржы ұйымдары жұмыстарын жақсартып, ары қарай жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Ал «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңы жеке тұлғалардың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайын оңалтуға бағытталуымен құнды болып отыр. Қазіргідей нарықтық заманда қарызын қайтара алмай, берешегі көбейген борышкер азаматтарға бұл заңның берері көп.

Заңның қабылданғанына екі жылдан асты. Алайда, сот тәжірибесінен байқалып



Ерғали ШЕКЕРБЕКОВ,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

отырғандай қарапайым азаматтардың бұл құжат бойынша өз мүддесін қорғауда көптеген қателіктерге жол беретіні байқалды. Соның салдарынан талап қоюшылар көп болғанымен, олардың арасында заңды басшылыққа ала отырып әрекет ететіндер аз. Осының өзі заңның талаптарын, негізгі қағидаларын жұртшылыққа әлі де жан-жақты түсіндіру керектігін ұқтырды.

Жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, банкрот болу себептерін зерделеп жүрген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті ұсынған статистикалық деректерге сай, республика бойынша 2023 жылы – 77 380, 2024 жылы – 83 057, 2025 жылдың үш айында – 37 746 банкроттық туралы өтініш берген екен. Ал сотқа дейінгі банкроттық процедурасы бойынша 2023 жылы – 8 255, 2024 жылы – 11 533, 2025 жылдың үш айында 2 366 азамат банкрот деп танылған.

Осы есепті кезеңде сот банкроттығы бойынша 2023 жылы тек 1 азамат банкрот деп танылса, 2024 жылы – 135, 2025 жылдың алғашқы тоқсанында 23 адам банкрот болды. Сондай-ақ төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігін 2023 жылы 1 азамат қолданса, 2024 жылы – 13, 2025 жылдың 3 айында мұндай мүмкіндікті 17 адам алған. Қордаланған берешегі бар азаматтар елімізде аз емес. Осы тұрғыдан алғанда жаңа заңның игілігін көруге ниетті жандар да аз болмасы түсінікті. Алайда осындай мемлекет қолдауына зәру азаматтардың көбі заңды жетік білмегеннен, сотқа жүгіну тәртібін түсінбегендіктен, өз талабын сот арқылы жолдауда көптеген қателіктерге жол беруде. Бұл сот өндірісіне түскен талап қоюлардың қайтарылуына, сот тәртібімен қаралмауына түрткі болып келеді. Осы себептерді ескере отырып, «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңының артықшылықтары мен тәртібін түсіндіру бағытындағы іс-шаралар үздіксіз жалғасуы тиіс.

Бұл заң бойынша республика тұрғындары банкроттықтың үш түрлі әдісі арқылы

өзіне жеңілдік ала алатынын айта кетейік. Бұл қатарға – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі жатады. Осы жерде бір ескерерлігі, сот арқылы және соттан тыс банкроттық пен төлем қабілетін қалпына келтіру туралы талапты сотқа тек қарыз алушы ғана бере алады. Борышкер атынан басқа адамдардың банкрот деп тану туралы сотқа өтініш беруге құқығы жоқ.

Азаматтарға түсінікті болу үшін банкрот деп танудың әр әдісі туралы толық мәлімет беру артықтық етпейді. Мысалы, соттан тыс банкроттық бойынша талап-арыз тек банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар қордаланған кезде қолданылады. Бұл рәсім бойынша банкрот мәртебесін алудың шарттары заңда анық көрсетілген. Ол үшін соттан тыс банкроттық бойынша талап қойған азаматтың банк, микроқаржы ұйымдары мен коллекторлар алдындағы берешегі 1600 АЕК-тен аспауы тиіс. Яғни, қазіргі айлық есептік көрсеткіштің 3932 теңге екенін ескерсек, берешек сомасы 6 291 200 теңгенің шеңберінде болуы керек. Сонымен бірге, мұндай талаптарды қарағанда қарыздық міндеттеменің 12 ай ішінде төленбеуіне мән беріледі. Борышкер мүлкінің, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлкінің жоқ болуы, банкпен берешектер бойынша жұмыс жүргізуі, банкроттықтың 7 жыл бойы қолданылмауы да негізгі шарттың бірі. Міне, осы талаптардың барлығы сақталған жағдайда соттан тыс банкроттық жүргізіледі.

Соттан тыс банкроттық «Электрондық үкімет» веб-порталында басталады. Содан кейін ақпараттық жүйе арқылы борышкердің кіру критерийлеріне сәйкестігін анықтау мақсатында мүдделі мемлекеттік және басқа органдардың деректерімен автоматты түрде салыстыру жүргізілетін болады.

Ал сот банкроттығының мақсаты банкроттың мүлктік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру екенін ескергеніміз абзал. Егер

жалғыз тұрғын үй кепіл заты болып табылса, онда кредитор оны қайтарып алуға құқылы. Жалғыз баспана кепіл болмаса, кредиторлар оны талап ете алмайды.

Сот арқылы банкроттықты қолданудың тәртібі заңда толық дәйектелген. Сотқа банкрот деп тану туралы арыз бергендердің қарызы 1600 АЕК-тен (6 291 200 теңге) жоғары болуы керек. Бұл жерде де азаматтардың 12 ай ішінде борышкерлік міндетін өтей алмауы, қаржылық тұрғыдан қиналып жүргені назарға алынады. Істі зерделеу барысында борышкердің соңғы 12 ай ішінде берешекті реттеу бойынша шаралар қолданғанына көңіл бөлінеді. Сот арқылы банкроттық барысында борышкердің мүлкі сауда-саттық кезінде сатылады. Алайда, бұл жерде де ескеретін тұстар бар. Кредитор сот арқылы банкроттық барысында борышкердің жалғыз баспанасын тек ол кепіл нысанасы болған жағдайда ғана алып қоюға құқылы. Қалған өтелмеген сома борышкердің жосықсыздығы белгілері болмаған жағдайда есептен шығаруға жатады.

Осы жерде назар аударар бір жайт, барлық қарыздың мөлшері өзіне тиесілі мүліктің құнынан аспайтын борышкерлер тек төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануға құқылы. Бұл рәсім тұрақты табыс болған жағдайда, қарызды төлеу үшін 5 жылға дейін сот тәртібімен бөліп төлеу жоспарын алу мүмкіндігін береді. Төлем қабілетін қалпына келтіру туралы істерді қарау барысында қаржы басқарушымен бірлесіп сауықтыру жоспары әзірленіп, сот арқылы бекітіледі. Бұл процедураның артықшылығы, кейін адам «банкрот» деген мәртебе алмайды, сондықтан банкрот үшін көзделген салдар оған қолданылмайды.

Талап-арыз борышкердің тұрғылықты мекенжайы бойынша сотқа Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес жолданатынын да білген дұрыс. Борышкер 2 жұмыс күнінің ішінде өзінің әрекетінен несие берушілерді хабардар етеді. Егер талап-арызда заңда көзделген барлық шарт-

тар сақталып, ескерілген жағдайда, сот 10 жұмыс күнінің ішінде азаматтық істі қозғау туралы ұйғарым шығарады. Бұдан кейін 2 жұмыс күнінің ішінде уәкілетті орган қаржы басқарушысын тағайындайды. Борышкер өзінің мүлкіне және оның құжаттарына қаржы басқарушысының қолжеткізуін қамтамасыз етеді және ай сайын 1 ең төмен жалақының мөлшерінде сыйақы төлеп отырады.

Сот тәжірибесінен байқағанымыздай, азаматтар көп жағдайда банкроттықтың салдарын түсінбей, асығыс талап арыз жазып жатады. Осы ретте жеке тұлғалардың қаржылық ауыртпалығын жеңілдеткенімен, бұл заңнаманы қолданудың салдары бар екенін айта кеткен артықтық етпейді. Айталық сот банкрот деп таныған жандарға 5 жыл бойы ешбір банк, қаржы ұйымы тарапынан қарыз берілмейді. Тек 7 жылдан кейін ғана банкроттыққа қайта жүгіну құқығы қарастырылған. Сондай-ақ банкроттық қолданылған азаматтардың 3 жыл бойы ҚР аумағынан шығуына шектеу қойылады. Әрі борышкерлердің 3 жыл қаржылық жағдайына мониторинг жүргізілетінін де ұмытпауымыз керек.

Тағы бір ескерерлігі, заң тек банк, қаржы ұйымдары алдындағы қарыздарды оңтайландыруға бағытталған. Сондықтан, алимент өндіру, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін келтірілген зиянды өтеу бойынша қалыптасқан берешек «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңына сай есептен шығарылмайды.

Қазақта «Қарыз күліп келіп, жылап қайтады» деген тағылымды сөз бар. Әрине, мемлекеттің қаржылық қиындыққа тап болған адамдарды қолдағаны дұрыс. Дегенмен азаматтар да өзінің төлем қабілетін, қаржылық мүмкіндігін ескеріп барып несие алса, көптеген қиындықтарға тап болмас еді.

МЕДИАЦИЯ ЕКІ ТАРАПТЫҢ ДА МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

Қазақ тарихында тұрме, абақты, бас бостандығынан айыру сияқты жазалау шаралары болмаған. Адам өлімінің өзі құн төлеумен шешіліп отырған. Қазақ билері небір шиеленіскен дауды қисынды сөз құдіретімен тоқтатып, өз шешімдеріне бас идіре білген. Яғни, «Тату елдің түтіні түзу шығатынын» бабаларымыздың айтып қана қоймай, оны дау шешу мәдениетінде дәлелдеген. Дана билерімізден жалғасқан бітімгершілік институты бүгінде ірі бизнестерден бастап, отбасылық, жария-құқықтық дау-жанжалдарда, т.б. күрделі мәселелерде де қолданылуда.



Мөлдір МУХАНОВА,
Алматы қаласының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

Елімізде дау шешудің заманауи тәсілдерін қамтамасыз ететін «Медиация туралы» заңның жұмыс істегеніне 15 жылға жуықтады. Медиация тараптар келісімімен жүзеге асырылатындығымен ерекшеленеді. Дауды соттан тыс реттеуде нотариустардың атқарушылық жазба бойынша құзыреті кеңейтілді. Тіпті, сот актісін орындау сатысында да татуласу мүмкіндігі берілген. Медиацияда «сен жеңілдің» немесе «мен жеңдім» деген ұғым болмайды. Қос тарап келісе отырып өздерін қанағаттандыратын шешімге қол жеткізу жолдарын қарастырады. Бұл үшін жазбаша түрде арнайы келісімге отырады. Татуласу келісімін сот шешім шығаруға кетпей тұрып және сот актісінің орындалуы кезінде жасауға болады. Бұл үшін тараптар өзара дауды судья немесе медиатордың жәрдемдесуімен реттеу туралы өтінішхаттарын мәлімдейді. Татуласуға келіспеген жағдайда іс әкімшілік іспен жалпы тәртіпте жүргізіледі.

Медиация мемлекетіміздің құқықтық кеңістігіне түбегейлі бетбұрыс жасаған Әкімшілік әділет институтында да көрініс тапты. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, сондай-ақ, мемлекеттік органдар арасында туындаған дауда олардың татуласуына мүм-

кіндік берілді. Бұл мемлекетіміздің дауларды татуластыру арқылы шешуге айрықша мән беріп отырғанын көрсетеді. Бұрын дау тараптарының бірі мемлекеттік орган болса, татуластыру, бітімге келу келісімдері жасалмайтын. Аталған кодексте осы қағида өзінің күшін жойды. Яғни, әкімшілік істердегі жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдардың татуласуына жол ашылды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 120-бабында көрсетілгендей, жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына ешқандай кедергі жоқ. Бүгінде олар әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасап, сол арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жазбаша жасалған келісімде татуласу шарттары, сот шығыстары, өкілдер қызметіне төленетін ақы толық қамтылады. Соның негізінде сот татуласу туралы өтінішхатты қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарымы шығарылады. Татуласу келісінде қандай да бір заңға қайшы шарттың болуы оның бекітілмеуіне әкеп соғады. Мысалы, келісімшарт басқа адамның құқығы мен бостандығын, заңды мүддесін бұзбауы міндет.

Ерікті түрде орындалмаған татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім сот келісім жасаған адам өтінішхатының негізінде берілетін атқару парағымен мәжбүрлеп орындалады. ӘРПК-нің 127-бабының 5-бөлігіне сәйкес, соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот осы сот актісінде орындалуға жататын мерзімді көрсете отырып, жауапкерге елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Жоғарыда айтқанымыздай, татуластыру рәсімдері тараптардың өзара келісімімен орындалу керек. Өйткені, олар келісімде өздеріне қолайлы шарттарды өз еріктерімен таңдайды. Сондықтан, оның процестік мәжбүрлеу шарасына жеткізілмей орындалғаны абзал. Халқымыздың ең тама-

ша қасиеттерінің бірі сөз құдыретіне тоқтауы. Яғни, билердің кесімді сөзіне әрқашанда жауапкершілікпен қарап, шешімін орындаған. Сөз құдіреті ешбір заманда өзінің мәнін жоймайды. «Уәде құдай сөзі» деген бекер айтылмаған. Осы себепті, қос тарап келісе отырып жасаған және сотпен бекітілген келісім-шарттары адамгершілік, заңдық тұрғыда да мінсіз орындалуды талап етеді. Медиация адамның заңды мүддесі мен құқығын, бостандығын тиімді тәсілдермен қалпына келтіруді көздеуімен, сондай-ақ, дауласушыларды өзара ынтымақтастықта әрекет етуге талпындыруымен маңызды.

Жалпы, дау-жанжал бір ғана себеппен байланысты болмайды. Ол әртүрлі жағдайда орын алуы мүмкін. Сондықтан, медиация институты қоғамымызда дауды реттеудің ең тиімді тәсілі болып табылады. Әсіресе, құқықтық мәдениетті көтерудің маңызы зор. Олай дейтініміз, қандай да бір дауда адамдардың ортақ мәмілеге келуі оңай емес. Осы себепті, соттар даудың ушықпай бітуі үшін тараптарға медиацияның мүмкіндіктерін жан-жақты түсіндіреді.

Соттар «Татуластыру – тағылымды іс» қағидатын берік ұстанған. Бұл ретте еліміздің барлық аумағында ҚР Жоғарғы Сотының бастамасымен медиация кабинеттері, татуластыру орталықтары, Билер кеңесі ашылған. Ондағы мамандар, медиаторлар азаматтарға дау шешудің ең тиімді жолдарын ұсынады. Қазақстан Президенті даудамайды шешудің баламалық тәсілдерін дамыту мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашатынын айтқан болатын.

Қазақстандық медиация институты даму жолында өзіндік ерекшеліктерге ие. Басты ерекшелігі дауды медиация рәсімі арқылы шешу барысында сыбайласқан жемқорлық фактор орын алмайды, өйткені, мұнда дауласушы тараптардың біреуін өз жағына тартудың немесе қолдаудың қажеттілігі туындамайды. Сондай-ақ, медиация арқылы дау шешуде екі тараптың да мүддесін қанағаттандырмағанша келісімге қол қойылмайды. Медиация рәсімі кінәлі немесе кінәсіз тарапты анықтауды емес, дауды реттеудің өзара тиімді нұсқаларын табуды көздейді, оның басты құндылығы да осында.

ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНІН НӘТИЖЕЛЕРІН ДӘЛЕЛДЕМЕ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығында дәлелдемелер жүйесі мен оларды жинау тәсілдері – әділ сот төрелігінің негізгі кепілдіктерінің бірі болып табылады. Соңғы жылдары тергеу практикасының дамуына байланысты жасырын тергеу әрекеттерін (бұдан әрі – ЖТӘ) қолдану айтарлықтай өзектілікке ие болды. Атап айтқанда, ауыр және аса ауыр қылмыстарды әшкерелеу барысында дәлелдемелердің бірден-бір көзі ретінде жасырын жазбалар, жасырын бейнебақылау, жедел сатып алулар және басқа да жасырын әдістер жиі пайдаланылады. Алайда, бұл әрекеттердің нәтижесін қылмыстық процесте заңды дәлелдеме ретінде тану көптеген құқықтық және процестік сұрақтарды тудырады.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі - ҚПК) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіліп, сол арқылы алғаш рет ЖТӘ-ні жүргізудің бірыңғай заңнамалық негізін қалады [1].

ЖТӘ – бұл қылмыстық процесте қылмыстың мән-жайын анықтауға бағытталған, бірақ жария түрде жүргізілмейтін және көбіне жедел-ізвестіру сипатында болатын процестік іс-әрекеттер. ҚПК-нің 231-бабында ЖТӘ-нің түрлері нақты көрсетілген: адамды немесе орынды жасырын дыбыстық немесе бейнебақылау; электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу; абоненттер немесе абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу; компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу; пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау; орынға жасырын кіру және оны тексеру; адамды неме-



Ерлан ҚАСҚЫРБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесі жанындағы
Сот төрелігі академиясының
магистранты

се орынды жасырын байқауға алу; жасырын бақыланатын сатып алу.

Олардың мақсаты – қылмысты дәлелдеуге қажетті мәліметтерді алу. Бірақ бұл әрекеттер тергеу құпиясына, жеке өмірге қол сұқпау құқығына, байланыс құпиясына қатысты шектеулерді қамтитындықтан, тек соттың санкциясымен жүзеге асырылады.

ЖТӘ-ні санкциялау механизмі де ҚПК-де нақты регламенттелген. Сот бақылауының принципі енгізілген: ҚПК-нің 232-бабының 3-бөлігі бойынша ҚПК-нің 231-бабының 1) – 6) тармақтарында санамаланған ЖТӘ-нің түрлерін жүргізу тек тергеу судьясының санкциясымен жүзеге асырылады. Арнайы тергеу соттары немесе мамандандырылған ауданаралық тергеу соттары жасырын әрекеттерге рұқсат беруге құқылы, санкция алу тәртібі ҚПК-нің 234-бабында бекітілгендей, тергеу органы ЖТӘ жүргізу туралы уәжді қаулы шығарып, судьяға 24 сағат ішінде жолдайды, ал судья өз кезегінде 12 сағат ішінде ұсынылған материалдарды қарап, санкция беру не бермеу жөнінде шешім шығарады. Бұл талаптар ЖТӘ қолданудың әрбір фактісі бойынша уәкілетті органның және соттың қосарланған бақылауын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, ҚПК-нің 232-бабының 2-бөлігіне сәйкес, кейбір ЖТӘ түрлері (пошта жөнелтілімдерін бақылаудан басқасы) тергеушінің тапсырмасымен арнайы жедел бөлімшелер арқылы іске асырылады. Яғни, іс жүзінде ЖТӘ-ні Ішкі істер органдары, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет сынды арнаулы органдардың жасырын жұмыстарға маманданған бөлімшелері орындайды. Бұл органдар өз кезегінде 2014 жылғы 12 желтоқсанда бірнеше мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығымен бекітілген «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын» басшылыққа алады (бұл қағидаларға 2020 жылы да толықтырулар енгізілген) [2].

Бұл акт ЖТӘ-нің жүргізілу тәртібін жан-жақты регламенттеп, ведомстволық өзара іс-қимыл, құжаттау және құпия ақпаратпен жұмыс істеу мәселелерін шешеді. Мәселен, қағидаларда ЖТӘ нәтижелерін мөрленген күйде арнайы құпия белгімен бекітіп, 5 тәулік ішінде тергеу органы қызметкеріне беру, кейін оларды құпиясыздандыру тәртібі көзделген. Бұл талап дәлелдеме ретінде пайдаланылатын материалдардың тұтастығы мен заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қылмыстық істер бойынша сот тәжірибесі көрсеткендей, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері қазіргі кезде дәлелдеме ретінде кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық, ұйымдасқан қылмыс, есірткі саудасы сияқты жасырын түрде жасалатын құқық бұзушылықтар бойынша құпия жазба-бейне материалдар айыптау дәлелдемелерінің маңызды бөлігін құрайды. Мысалы, парақорлық істерінде құқық қорғау органдары күдіктінің заңсыз ақша алу сәтін жасырын бейнебақылау арқылы тіркеп, кейін бұл жазбаны сотта айыптау айғағы ретінде ұсынады. Сол сияқты есірткі қылмыстарында жасырын сатып алу (бақыланатын сатып алу) тәсілімен жасырын агент күдіктіден есірткі сатып алып, ол процесс бейнежазбаға түсіріледі де, оқиға соңында ұсталған күдіктінің кінәсін дәлелдейтін басты айғақ болады.

Терроризм және экстремизм істерінде де күдіктілердің телефон сөйлесулерін жасырын тыңдау арқылы қылмысқа дайындық фактілері әшкереленген мысалдар бар екені мәлім. Мұндай құпия әдістермен алынған материалдарды соттардың қабылдауына қатысты ҚР Жоғарғы Соты да түсіндірмелер берген. Атап айтқанда, Жоғарғы Соттың «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №5 нормативтік қаулысында тергеу судьяларының санкциялау тәртібін нақтылайды және рұқсатсыз жүргізілген ЖТӘ нәтижелерін дәлелдеме ретінде қолдануға жол берілмейтіні туралы ережені қуаттайды. Бұл нормативтік қаулы – сот практикасында бірыңғай ұстанымды қалыптастыру мақсатында қабылданған маңызды құжаттардың бірі [3].

Сондай-ақ, Жоғарғы Соттың басқа да қаулыларында заңсыз жолмен алынған дәлелдемелерге жол берілмейтіні туралы конституциялық принципті қатаң сақтау керектігі үнемі атап өтіледі. Қазақстан соттары жасырын алынған ақпаратты дәлелдеме ретінде қарастырғанда, ең алдымен оның заңдылық шарттарына назар аударады. Егер ЖТӘ қолдану барысында ҚПК талаптары бұзылса (мысалы, тиісті санкция алынбаса, немесе өкілетті емес орган жүргізсе), қорғаушы тараптың өтініші бойынша немесе өз бастамасымен сот мұндай материалдарды дәлелдеме ретінде іске жібермейді. Дегенмен, заңды жолмен алынған ЖТӘ нәтижелері соттарда дәлелдеме ретінде пайдаланылады. Прокурорлар мен тергеушілер де мұндай дәлелдемелердің

күшін сотта қуаттау үшін барлық рәсімдік талаптары орындалады. Мәселен, құпия жазбалардың түпнұсқасы арнайы тәртіппен мөрленіп, іс материалдарына тіркейді, жазбаның шынайылығын растау үшін оны жасаған жедел қызметкерден жауап алынуы да мүмкін, дыбыстық жазбалардың мәтіндік стенограммасы жасалып, оған процессуалдық жауапты тұлғалар қол қояды. Сот сараптамасы тағайындалып, дыбыстық жазбаның монтаждальмағаны, техникалық өзгерістер енгізілмегені дәлелденеді. Осындай кешенді тексерулердің нәтижесінде, егер материалдың шынайылығы мен заңдылығы күмән тудырмаса, сот оны жеткілікті дәлелдеме деп бағалап, үкім шығарғанда назарға алады.

ЖТӘ нәтижелерін пайдалануда сот тәжірибесінде туындайтын бірқатар мәселелер бар. Мысалы, қорғау тарабының дәлелдемелер жинаудағы мүмкіндіктері шектелген. Заң бойынша қорғаушы тараптың өз бетінше дәлелдеме жинау мақсатында жеке детективтерді тартуға құқы жоқ, ал мемлекеттік органдардың ЖТӘ жүргізу мүмкіндігі біржақты артықшылық береді деп саналады. Алайда соттар істі бағалау кезінде тек айыптау материалдарына сүйеніп қалмай, оларға қарсы тараптың да сын көзбен қарауына мүмкіндік береді. Қорғаушы тарап жасырын жазбалардың заңдылығын даулауға, олардың мәтінінен үзіп алынғанын, не түсініксіздігін көрсетуге құқылы. Мысалы, телефон әңгімесінің дыбыстық жазбасында сөздердің мағынасы екіұшты болса, қорғаушы оны айыпталушының пайдасына түсіндіруді талап ете алады. Сот мұндай жағдайда қосымша сараптама тағайындауы немесе бұл дәлелдің айқындығына күмән келтіруі мүмкін.

Тағы бір мәселе, адвокаттық құпияның қорғалуы. ҚПК-нің 232-бабының 8-бөлігіне сәйкес, қорғаушы адвокаттарға қарсы ЖТӘ жүргізуге тыйым салынған (олар ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауда күдікке ілінген жағдайларды қоспағанда). Сот тәжірибесінде осы нормаға қатысты талқылаулар бар: егер тергеу барысында қорғаушының телефон әңгімелері жазылып кетсе, мұндай жазбаларды дәлел ретінде қолдануға жол берілмейді, өйткені ол адвокаттық құпияны бұзады деп есептеледі. Соттар үшін бұл норма – адвокаттық құпияны сақтау кепілі, сондықтан мұндай материалдар сот тәжірибесінде кездескен жағдайда бірден жол берілмейтін дәлелдеме деп танылады.

Жалпы, еліміздегі соттардың тәжірибесі ЖТӘ нәтижелерін дәлелдеме ретінде мұқият бағалап, заң талаптары бұзылмаған жағдайда ғана қабылдайтынын көрсетеді.

Дәлелдемелік жарамдылық – кез келген жолмен алынған ақпараттың сотта заңды күшке ие болуының негізгі талабы. ЖТӘ нәтижелері дәлелдеме ретінде танылуы үшін заңнама белгілі шарттарды айқындаған. Ең бірінші шарт – заңдылық. ҚР ҚПК-нің 112-бабының 1-бөлігіне сәйкес, егер нақты деректер заң талаптарын бұза отырып алынған болса, оларды дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмейді. Бұл норма барлық дәлелдемелерге ортақ, алайда ЖТӘ нәтижелеріне тікелей қатысты бірнеше маңызды көрінісі бар.

Біріншіден, санкцияның болуы. Қылмыстық процесте жасырын тыңдау, бақылау жүргізу үшін тергеу судьясының санкциясы талап етіледі (ерекше жедел жағдайларды қоспағанда). Егер мұндай сот санкциясы алынбай, жасырын шара жүзеге асырылса, алынған материалдар жарамсыз дәлелдемелер деп тануға және оларды дәлелдемелер қатарынан алып тастауға жатады. ҚПК-нің 235-бабының 2-бөлігінде, тіпті, шұғыл басталған ЖТӘ-ге кейін судья санкция беруден бас тартса, алынған нәтижелерді дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмейтіні туралы тікелей көрсетілген. Демек, санкция – құпия дәлелдеменің «өміршеңдігін» анықтайтын басты шарт. Соттар бұл талапты қатаң сақтап, санкция құжаттарын іс материалдарынан міндетті түрде тексереді.

Екіншіден, өкілетті субъектілердің жүргізуі. Жасырын шараны тиісті уәкілетті органның лауазымды тұлғасы жүргізуге тиіс. Егер дәлелдеме жиналған іс-әрекетті процеске қатысуға құқы жоқ адам жүргізсе, ол да жарамсыз деп танылады. Мысалы, жедел қызметкердің орнына процеске қатыспайтын бөтен адам немесе жеке детектив заңсыз тыңдау орнатса, ондай жазба заңсыз жолмен алынған болып есептеледі. Сондықтан, барлық ЖТӘ тек арнайы органдар арқылы атқарылуы шарт, бұны соттар бақылап отырады.

Үшіншіден, процестік талаптардың сақталуы. Құпия әрекеттер белгіленген тәртіпте құжатталуы керек. ҚПК-нің 233-бабында тергеушінің ЖТӘ жүргізу тапсырылған органның уәкілетті лауазымды адамы шығаратын қаулыда қандай деректер қамтылуға тиіс екені көрсетілген (қайда, қашан, қандай негізде, қандай мерзімге және кімге тапсырма

берілетіні т.б. Одан бөлек, ҚПК-нің 234-бабы санкция алу мерзімдерін реттейді. Осы ресімдердің елеулі бұзылуы (мысалы, мерзімінен кеш санкция алу, не қаулыда маңызды деректердің дұрыс көрсетілмеуі) дәлелдеменің жол берілмеуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Яғни, жасырын дәлелдеме нысаны жағынан да заң талаптарына сәйкес келуі қажет.

Төртіншіден, ақпараттың қайнар көзі және тұтастығы. Дәлел ретінде ұсынылған жазба немесе өзге материалдың шыққан көзі айқын болуы тиіс. Егер дереккөзі белгісіз немесе сотта анықталмайтын болса (ҚПК-нің 112-бабы 1-бөлігінің 6-тармағы), ондай ақпарат үкім шығаруға негіз болмайды. Жасырын әрекеттердің нәтижелерін іске тіркеу кезінде оның қайдан, қандай құрылғыдан алынғаны, кім тапсырғаны секілді мәліметтер құжаттармен расталуға тиіс. Мысалы, телефон тыңдау нәтижелері тергеу ісінде жеке хаттамаға тіркеледі, хаттамада тыңдау жүргізілген абоненттің бүркеншік аты не номері, жазбаның уақыты, ұзақтығы көрсетіледі. Кейін сотта бұл хаттама мен жазбаның түпнұсқасы салыстырылып, дәйектілігі тексеріледі. Егер жазбада үзілістер байқалса немесе файлдың тұтастығына күмән туындаса, қорғау тарабы оның жарамсыздығына назар аудартуға тырысады. Сондықтан, тергеу органдары дәлелдеменің тұтастығын қамтамасыз ету үшін материалдарды арнайы тәртіппен мөрлеп, сақтап, тиісті адамдардың қолхаттарымен береді.

Осы аталған заңдылық шарттары дәлелдемелердің жол берушілік талаптары деп аталады. Жасырын тергеу әрекеттері нәтижелерін пайдалану үшін бұл талаптардың толық сақталуы міндетті. Егер қандай да бір шарт сақталмаса, сот ҚПК-нің 112-бабын басшылыққа алып, дәлелдемені жарамсыз деп тануы тиіс.

ЖТӘ нәтижесінде алынған дәлелдемелерге қатысты қосымша шектеулер де заңнамада көрініс тапқан. Соның бірі – айрықша субъектілерге тиіспеушілік. Жоғарыда аталғандай, адвокаттарға қатысты жасырын шаралар ерекше жағдайдан тыс тыйым салынған. Сондай-ақ қылмыстық қудалаудан артықшылығы мен иммунитеті бар лауазымды тұлғаларға (судьяларға, депутаттарға) қатысты ЖТӘ жүргізудің ерекше тәртібі бар. Мысалы, судьяларға қатысты жасырын тыңдау санкциясын тек Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты арқылы

алады. Бұл шектеулер билік тармақтарының өзара тәуелсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында және заңға қайшы іс-әрекеттердің алдын алу үшін қойылған.

Ерекше назар аударатын жәйт, ол жасырын жүргізілген әрекеттер арқылы алған ақпаратты бөтен мақсаттарға пайдалануға тыйым салу. ҚПК-нің 232-бабының 9-бөлігіне сәйкес, заңмен көзделмеген мақсаттармен міндеттер үшін жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға, сол сияқты оларды жүргізу барысында алынған ақпаратты пайдалануға жол берілмейді. Яғни, құпия тәсілмен алынған мәліметтер тек қылмыстық іс шеңберінде және заңда көрсетілген тәртіппен ғана қолданылуы мүмкін. Мысалы, егер тыңдау нәтижесінде бөтен бір азаматтың жеке құпиясы анықталса, оны сол адамға қарсы пайдалану не жариялау – заңсыз. Бұл талап адам құқықтарын қорғау тұрғысынан өте маңызды, себебі жасырын тыңдау – жеке өмірге қолсұғу болып саналады және одан алынған ақпарат мақсатынан тыс қолданылмауы тиіс.

Еуропалық адам құқықтары жөніндегі соттың (бұдан әрі - ЕАҚС) тәжірибесі ЖТА нәтижелерінің дәлелдеме ретінде қолданылуының шегін айқындауда маңызды рөл атқарады. ЕАҚС-тың бірнеше шешімдерінде, соның ішінде Teixeira de Castro v. Portugal ісінде, жасырын тергеу әрекеттері арқылы алынған дәлелдемелер егер арандатушылық жолмен алынған болса – әділ сот процесін бұзады деп танылған [4].

АҚШ және Ұлыбритания құқықтық жүйелерінде де мұндай дәлелдемелерге қойылатын талаптар қатал, құпия жазбалар тек заңды рұқсатпен, техникалық дұрыстықпен және қорғау тараптың қатысуымен ғана дәлел ретінде танылады.

Жүргізілген талдау нәтижесінде, қылмыстық процесте жасырын ЖТӘ нәтижелерін дәлелдеме ретінде пайдалану күрделі, көп қырлы мәселе екені айқындалды. Бір жағынан, ЖТӘ – заманауи қылмыспен күресте таптырмас құрал, әсіресе жасырын және астыртын қылмыстық іс-әрекеттерді әшкерелеуде оның тиімділігі жоғары. Екінші жағынан, құпия әдістерді қолдану азаматтардың конституциялық құқықтарына елеулі әсер етуі мүмкін, сол себепті оны реттеу әрдайым заңдылық және құқықтық мемлекет принциптеріне сай болуы шарт. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы

(ҚПК және соған сәйкес актілер) бұл салада негізінен қажетті теңгерімді қамтамасыз еткен. ЖТӘ-нің түрлері мен шарттары заңмен анықталған, сот санкциясы мен прокурорлық қадағалау тетіктері қарастырылып, заңсыз алынған дәлелдемелерді жоққа шығару нормасы реттелген. Сот тәжірибесі де көп жағдайда осы нормаларды басшылыққа алып, әділдікке нұқсан келтірмеуге ұмтылады. Алайда, практиканы және халықаралық стандарттарды ескере отырып, төмендегі ұсыныстарды атауға болады.

Демек, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету, яғни жасырын дәлелдемелерге қатысты соттардың ұстанымы бірыңғай болуы өте маңызды. Мысалы, заңсыз алынған дәлелдемелерді бағалау, қорғау тарабы көрсеткен күмәндерді қарау, құпия материалдармен жұмыс жасау тәртібі бойынша судьяларға әдістемелік нұсқаулық даярлау. Әсіресе жасырын жазбаларды монтаждау мүмкіндігі, мәтінді бұрмалау сияқты мәселелерде сараптама тағайындау стандарттары белгіленсе, соттар үшін және тараптар үшін айқындық артады. Сондықтан, ол жөнінде Жоғарғы Сот нақты түсіндірмелер беріп, қолданыстағы нормативтік қаулыларға толықтырулар қарастыру орынды.

Сонымен қатар, қорғау институтын нығайту, мысалы құпия дәлелдемелердің пайда болуымен қорғаушы адвокаттардың жүктемесі мен жауапкершілігі артатыны сөзсіз. Сол себепті адвокаттардың арнайы техникалық сарапшыларды тарту мүмкіндігін кеңейту пайдалы. Мысалы, дыбыс-бейне сараптама жасауда қорғау тарабына да өз сарапшысын тағайындауға рұқсат беру механизмін дамытуға болады. Қазірдің өзінде заң қорғаушыға қарсы дәлелдерге тәуелсіз сараптама тағайындауға өтініш жасау құқығын

береді, сот оны негізсіз қайтармауы керек. Осындай мүмкіндіктер іс жүзінде қолданылса, сотталушының әділ қорғану құқығы толық қамтылады.

Әрине, халықаралық ынтымақтастық және тәжірибе алмасуды күшейту маңызды, жасырын тергеу әдістері мен оларды дәлелдеме ретінде пайдалану тек ұлттық деңгейде емес, халықаралық деңгейде де өзекті. Шекарааралық қылмыс түрлерімен күресте (есірткі трафигі, адам саудасы, терроризм) мемлекеттер бір-бірінің заң көмегіне жүгінеді, оның ішінде жасырын операциялар жүргізу туралы сұраулар да болуы мүмкін. Мұндайда Қазақстанның құқық қорғау органдары шетел тәжірибесінен хабары болуы керек. Еуропалық Одақ елдерімен, АҚШ-пен осы салада оқу-жаттығулар, семинарлар ұйымдастырып тұру – отандық мамандардың біліктілігін көтереді. Сонымен бірге, Еуропалық Адам құқықтары сотының жаңа шешімдерін, БҰҰ Адам құқықтары комитетінің ұсынымдарын қадағалап, соған сай ішкі саясатты бейімдеп отырған жөн.

Қорытындылай келе, қылмыстық процестегі жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін дәлелдеме ретінде пайдалану – құқық қорғау жүйесі үшін тиімді құрал бола тұра, құқықтық мемлекет қағидалары талап ететін сақтық пен бақылауды қажет ететін сала. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен сот тәжірибесі бұл күрделі мәселеде едәуір прогресс жасаған. Алдағы уақытта халықаралық стандарттарға сәйкестікті одан әрі нығайту, құқық қолданудағы олқылықтарды түзету арқылы аталған институтты жетілдіру жалғасын табуы тиіс. Сонда ғана қылмыспен күрес тиімділігі мен адам құқықтарының қорғалуы арасында үйлесім орнап, әділ сот төрелігіне деген қоғам сенімі нығая түспек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

ҚР Қылмыстық-процестік кодексі (2014 ж. 4.07 № 231-V ҚРЗ). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
«Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 ж. 12.12. № 565, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 ж. жылғы 12.12. № 62, ҚР Ішкі істер министрінің 2014 ж. 12. 12. № 892, ҚР Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 ж. 15.12. № 146 және ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 ж. 18.12. № 416 бірлескен бұйрығымен бекітілген (ҚР Әділет министрлігінде 2014 ж. 27.12. №10027 тіркелген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0010027>

«Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2020 ж. 11.12 № 5 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000005S>.

ЕАҚС шешімдегі: *Teixeira de Castro v. Portugal, Khan v. United Kingdom*. <https://swarb.co.uk/teixeira-de-castro-v-portugal-echr-9-jun-1998/>

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ТАТУЛАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ

«Су тұбін шым бекітеді, дау тұбін сөз бекітеді» ұстанымын нық ұстанған билер қазақ қоғамында дау-дамайды сөздің құдіретімен шешіп отырған. Осы ұстаным заманауи сот жүйесінде жаңғыртылып, татуластыру рәсімдерін қолданудың жаңа тәсілдерімен толығуда. Солай бола тұра, азаматтар қандай да бір даулы мәселеде әлі күнге дейін сотқа жүгінгенді жөн көреді. Бұл тәуелсіз мемлекетімізде дау-жанжалды реттеудің баламалы тәсілдері әлі де қалыптасу саатысында екенін көрсетеді.

Азаматтық процестік кодекстің 150-бабының талабына сай, судья талап қою арызы келіп түсісімен оны бес жұмыс күнінен кешіктірмей соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Дауды болдырмау мақсатында әрбір тарапқа татуластыру рәсімдерінің тиімділігін жан-жақты түсіндіреді.

Қазіргі таңда соттардың азаматтық сот ісін жүргізуде алға қойылған міндеттерді орындауға әлеуеті жеткілікті. Тараптарды татуласуға ынталандыру шаралары азаматтардың сот шығындарын азайтып, дау-жанжалды соттан тыс реттеуге қоғамды жұмылдыру мақсатын көздейді. Азаматтық процестік кодекстің 17-тарауында татуластыру шаралары мен оларды қолдану тәртібі айқындалған. Нақты айтқанда, сотта татуластыру шаралары – татуласу келісімі, медиация тәртібі, партисипативтік рәсім бойынша жүзеге асырылады. Өзара келісім жасасуда азаматтар аталған қағидалардың өздеріне тиімдісін таңдайды.

Татуласу келісімі жазбаша жасалып, оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Сенімхатта татуласу келісімін жасауға өкілдің өкілеттігі болуы керек. Сонымен бірге келісімде шарттарды орындау уақы-



**Дуния-Зада КЕНШИМОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының
судьясы**

ты мен тәртібі көрсетіледі. Татуласу келісімі кейінге қалдыру шартымен жасалмайды. Бірақ, келісімде жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру, ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, келісімді мәжбүрлеп орындау туралы және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттарды қамтуға болады. Мұндай жағдайда мерзімдердің көрсетілуі міндет. Татуласу келісімі заңға сай жасалуы тиіс. Басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін шарттары бар келісімді сот бекітпейді. Әрі бұл туралы шығарылған сот ұйғарымы сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Ұйғарымға шағым жасалмайды және ол прокурордың өтінішхатымен қайта қаралмайды.

Татуласу шараларының сот процесінен өзіндік артықшылықтары жетерлік. Мысалы, медиация рәсімінде іс сот талқылауына қарағанда қысқа уақытта бітеді. Яғни, соттағыдай бірнеше айға созылмайды. Сонымен қатар, тараптар татуласудың қандай да бір түрімен дауды аяқтаған жағдайда талап қоюға төленген мемлекеттік баж өзіне қайтарылады. Бұған қоса тараптар өзара келіссе өзге де сот шығыстарын дауламау, оның мөлшерін азайту құқығына ие болады. Бұл тұрғыда татуласу рәсімдерін жүргізу барысында талап қоюшы өз талабының бір бөлігінен бастартуға немесе талап мөлшерін азайтуға мүмкіндік алады.

Ең басты артықшылығы, сотта шешім бір тараптың пайдасына шығарылады, ал медиацияда екі тараптың да мүддесі көзделеді. Тараптар дауды реттеу кезінде өздері туралы мәліметтерді құпия сақтағысы келеді. Медиация туралы заңда көзделгендей, медиация құпиялылық қағидатының негізінде жүргізіледі. Яғни, азаматтық істер бойынша талап қоюлар ашық сот отырысында қаралса, медиация көпшілікке жария етілмейді. Дауға татуластыру шараларының бірімен нүкте қою тараптарды эмоциялық күйзелістен сақтайды. Дау-жанжалды реттеуде соттан тыс баламалы әдістердің қолданылуы азаматтар үшін қолайлы. Өйткені, дау-жанжалы аз қоғам өмір сүру сапасын жақсартады.

Татуластыру рәсімдерінің тиімділігіне әрдайым мониторинг жүргізіледі. Тараптардың істі өзара келісіммен аяқтағысы келмейтінінің өзіндік себептері тәжірибе барысында байқалады. Мәселен, бұған көбіне тараптардың арасындағы жағымсыз байланыс әсер етеді. Одан кейін екі жақтың бірі татуластыру үшін жүргізілетін әңгімелесуге келмей қалады.

Сот ісін реформалау жолындағы тағы бір маңызды қадам «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның қабылдануы болды. 2022 жылы күшіне енген заңда татуластыру рәсімдерін және сотқа дейінгі хаттаманы жүргізу жөніндегі судьяның процестік әрекеттері айқындалған.

Сотқа дейінгі хаттаманы жасауда тараптар өздерінің талаптары мен дәлелдерін нақты тұжырымдауға, сондай-ақ, оларды қарсы тараптың талаптары мен дәлелдемелерін ескере отырып нығайтуға мүмкіндік алды. Мұндай процедуралық әрекеттер тараптарды кез келген дауды татуласу арқылы шешуге ынталандырады. Ресми дерек көздері АҚШ-та сотқа дейінгі процедураны белсенді қолдану даулар санының азаюына әкелгенін көрсетіп отыр. Мұндай деңгейге құқықтық мәдениетті көтеру арқылы жетуге болады.

Татуласу келісімі ерікті түрде өз уақытында орындалуы керек. Бұлай етпеген жағдайда мүдделі тарап өтінішхатының негізінде соттың атқару парағымен мәжбүрлі түрде орындатылады. Медиация институты адамның заңды мүддесі мен құқығын, бостандығын тиімді тәсілдермен қалпына келтіруді көздеуімен, сондай-ақ, дауласушыларды өзара ынтымақтастықта әрекет етуге талпындыруымен құнды. Татуласу шараларын жылдан-жылға жетілдіріп, олардың қолданыс аясын кеңейту өз кезегінде азаматтардың дауды өзара келісіммен бітіруге деген қызығушылығын арттырады хақ.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СУДЕБНЫЕ РЕФОРМЫ: ОТ ДОВЕРИЯ К СПРАВЕДЛИВОСТИ

В последнее время в средствах массовой информации широко освещается тема о создании в Казахстане кассационных судов.



**Нурлан ИБРАЕВ,
судья Павлодарского областного
суда**

Под понятием «кассация» (лат. cassatio «отмена, уничтожение») – понимается

процессуальная деятельность в праве, выражающаяся в проверке вышестоящими судами законности постановлений суда, вступивших в законную силу. Кассационное производство осуществляется на основании соответствующего процессуального законодательства (гражданского, уголовного и так далее).

Президентом РК Касым-Жомартом Токаевым 5 июля 2024 года подписан Конституционный закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан» за № 109-VIII ЗРК. Им внесены изменения и дополнения в Конституционный закон от 25 декабря 2000 года «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан», которые направлены на исполнение поручений Главы государства, озвученных в Послании народу Казахстана от 1 сентября 2022 года «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество».

Основная цель новой реформы – повысить эффективность каждой судебной инстанции. От этого зависит качество отправления правосудия и уровень доверия граждан к судам.

Как известно, на сегодня действует четырехуровневая судебная система: первая инстанция, апелляция в областных судах и

кассационная инстанция в Верховном Суде. Если в первой инстанции судья рассматривает дело единолично, то в областном суде и в Верховном Суде дела рассматриваются в составе не менее трех судей. В качестве четвертой инстанции действует институт представления Председателя Верховного Суда, которая в случае внесения представления рассматривается составом из семи судей.

Теперь по всем видам судопроизводства предлагается ввести единые правила обращения и пересмотра судебных актов. К примеру, если сейчас ходатайство о пересмотре судебного акта в кассационном порядке по гражданским делам предварительно изучается одним судьей кассационной инстанции и только потом передается на рассмотрение не менее трех судей Верховного Суда лишь при наличии оснований, то после создания кассационных судов будет подаваться не ходатайство, а сразу кассационная жалоба, которая будет автоматически рассматриваться по существу не менее чем тремя судьями.

Если в уголовном и гражданском судопроизводстве применяется модель так называемой «выборочной» кассации, то в действующей практике административной юстиции в связи с принятием Административного процедурно-процессуального кодекса РК применяется модель «сплошной» кассации.

Поскольку центральной фигурой при отправлении правосудия является судья и на него возложена огромная ответственность по отправлению правосудия от имени Республики Казахстан, то законом определены и критерии, которым должен соответствовать гражданин, пожелавший стать судьей.

Так, какие же требования предъявляет закон к гражданину, который желает стать судьей? Ответы на эти вопросы закреплены в ст. 29 Конституционного закона от 25 декабря 2000 года № 132 «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан».

Так, судьей районного суда может быть назначен гражданин РК, достигший возраста 30 лет; имеющий высшее юриди-

ческое образование, высокие морально-нравственные качества, безупречную репутацию и стаж работы по юридической профессии не менее пяти лет; сдавший квалификационный экзамен (лицо, окончившее обучение и сдавшее квалификационный экзамен в Академии правосудия при Высшем Судебном Совете, освобождается от сдачи экзамена в течение четырех лет со дня окончания обучения). Также он обязан пройти медосвидетельствование, подтвердившее отсутствие заболеваний, препятствующих исполнению профессиональных обязанностей судьи, оплачиваемую стажировку в суде с отрывом от основного места работы и получить положительное заключение пленарного заседания суда по итогам стажировки (лицо, окончившее обучение и сдавшее квалификационный экзамен в Академии правосудия при Высшем Судебном Совете, освобождается от прохождения стажировки в течение четырех лет со дня окончания обучения); пройти полиграфологическое исследование в случаях, предусмотренных Законом «О Высшем Судебном Совете Республики Казахстан».

Требования о стажировке и полиграфическом исследовании не распространяются на кандидатов, являющихся действующими судьями.

При этом судьей не может быть лицо, признанное судом недееспособным или ограниченно дееспособным; привлекавшееся в течение трех лет перед участием в конкурсе на должность судьи к дисциплинарной ответственности за проступок, дискредитирующий госслужбу (при этом судьей не может быть назначено лицо, уволенное за дисциплинарный проступок, дискредитирующий госслужбу) на которое в течение трех лет перед участием в конкурсе на должность судьи за совершение коррупционного правонарушения налагалось в судебном порядке административное взыскание; в отношении которого в течение трех лет перед участием в конкурсе на должность судьи за совершение уголовного проступка вынесен обвинительный

приговор суда или которое освобождено от уголовной ответственности за совершение уголовного проступка на основании п. 3), 4), 9), 10) и 12) ч.1 ст. 35 или ст. 36 Уголовно-процессуального кодекса РК; ранее судимое лицо; освобожденное от уголовной ответственности за совершение преступления на основании п. 3), 4), 9), 10) и 12) ч. 1 ст. 35 или ст. 36 Уголовно-процессуального кодекса РК; уволенное по отрицательным мотивам с должности судьи, из правоохранительных органов, специальных государственных органов и судов, с воинской службы, а также в иных случаях, предусмотренных законами РК.

К судье областного суда предъявляются те же требования, и дополнительно он должен иметь стаж работы по юридической профессии не менее 15 лет или стаж работы судьей не менее пяти лет.

Что касается вновь создаваемых кассационных судов, то судья кассационной инстанции тоже должен соответствовать требованиям, предъявляемым к судье районного суда плюс должен иметь стаж работы по юридической профессии не менее 18 лет или стаж работы судьей не менее восьми лет, в том числе не менее трех лет стажа работы судьей областного суда.

Судьей Верховного Суда может быть

гражданин, который подходит по критериям для назначения на должность судьи районного суда, а также имеющий стаж работы по юридической профессии не менее 20 лет, из них не менее десяти лет стажа работы судьей, в том числе пять лет стажа работы судьей областного суда, а также получивший заключение пленарного заседания Верховного Суда.

Вышеизложенные требования к судьям показывают, что для назначения на должности вышестоящих судов законодатель обращает внимание на опыт работы по юридической профессии, работу в нижестоящих судах и его стаж работы в целом как судьи.

Вновь принятым законом предлагается сформировать три инстанции (районный суд, областной суд, кассационный суд), которые будут работать на самостоятельном уровне с едиными правилами обращения и пересмотра.

Верховный Суд РК сосредоточится на обеспечении единообразия судебной практики. При этом пересмотр судебных актов будет возможен в Верховном Суде в исключительных случаях, если они приняты местными и кассационными судами в разрез судебной практики либо в интересах развития права.

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

Еліміздің тыныштығын сақтап, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығын, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау жолында сөзі мен ісі қабысқан, пікірі мық, қайраты нық ісімен сегіз жыл Жәнібек ауданына қарасты Күйгенкөл ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы болып абыройлы қызмет атқарған полиция капитаны Замир Берденовпен әңгімеміз бірден өз арнасымен өрбіп жүре берді.



АҒАМНЫҢ БАУЫРЫНДА АЛАҢСЫЗ ЕРЖЕТтім

Әкем Амантай мен Жаңылсын отбасындағы төрт ұлы Артур, Тимур, мен, інім Дамир мен жалғыз қызы Гүлімді адалдыққа тәрбиеледі. Үзім нанды бөле жеп, бір көрпенің жылуына бөленген, үлкеннен қалған тер сіңген киімді кішісі әспеттеп «мұраға алған» отбасында өскен балалардың тату, көпшіл, мейірімді болатыны дәлелдеуді қажет етпейді ғой. Алдымдағы Артур, Тимур ағаларым менің нағыз ер балаға тән бірбеткей, өжет, қайсар мінезді болып қалыптасуыма үлгі болды. 6-сыныпты ауылдан бітірген соң іргелес Жаңақала ауданының Жаңақазан ауылында тұратын әкемнің туған ағасы Ғалымжан мен жеңгесі Сәлима мені өз қолына алып, тәрбиеледі. Ағамның бауырында алаңсыз ержеттім.

Жоғары сыныпта кім-кімнің де көкейінде «Кім болам?», «Қандай мамандықты игерем?» деген сауалдар тұратыны заңдылық. Жасөспірім кезімде газ-мұнай саласының маманы болсам деп армандадым. Мектепті жақсы бағаға аяқтаған соң Орал қалалық мұнай және газ салалық-технологиялық колледжіне оқуға түсіп, үш жылдан соң электрмен қамтамасыз етуші мамандығын игердім. Колледжден кейін оқушы кезімнен сурет салуға бейімім болғандықтан өзім білім алған мектебіме суретші-безендіруші болып қызметке орналасып, екі жыл жұмыс істедім. 2006 жылы Жамбыл облысының Меркі ауданындағы әскери бөлімде зениттік-артеллериялық взводта жаяу әскер сапында азаматтық борышымды өтедім. Елге оралған соң Орал қаласында мамандандырылған әскери күзетте екі жыл жұмыс жасап, шыңдалдым. Бұл мезгілде БҚО Полиция департаментіне болашақта өмірімді осы саламен байланыстыру мақсатында түйіндемемді тапсырған болатынымын. Көп кешікпей ішкі істер органына жұмысқа шақырылып, үш ай Атырау қаласында машықгерлік тағылымдамадан өтіп, 2009 жылы Орал қаласында патрульдік полиция батальонына бекетші болып қызметке кірістім. Қалада үш жарым жыл еңбек етіп, сержант шенін алдым. 2012 жылы Жәнібек ауданына ауыстым. Үш жыл уақытша ұстау изоляторында бекетші болдым. 2015 жылдан 2023 жылдың шілдесіне дейін Күйгенкөл ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы болып жұмыс жасадым.

«БАРҒАН ЖЕРІҢНІҢ ЖАҚСЫСЫНА ЖОЛЫҚ»

Тамырын тереңге тартқан тарихы, өрелі ісі, өнегелі халқы бар Күйгенкөл ауылына келгенімде «Барған жеріңнің төбесіне шық, жақсысына жолық» деген, алдымен ауылдың абыройына айналған, аузы дуалы, сөзі уәлі ақсақалдарымен, зиялы қауымымен, келешектің керегесін керуге үлес қосып жүрген жастарымен танысудан бастадым. Бүгінде бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі ауылдың ынтымағын бекемдеп, ауызбіршілігін нықтауда жеткіншек буынға өнегелі үлгі көрсетіп жүрген, осы ауылда алты жыл әкім болған Әлия Болатқызы мен ауылдық округтегі Ардагерлер ұйымының төрағасы Ғарифолла Әбдірешев, қоғамдық кеңестің мүшелері Жұпар Хамзина, Жеміс Бисенова сынды аға буынның бойындағы терең жауапкершілік, уәдеге беріктік секілді абзал қасиеттерге тәнті болдым. Дауласқанды төре бидей татуластырып, төбе бидей бітімге шақыратын медиаторлық қызметте де бұл аға-апаларымыз шаңырағы шайқалғалы тұрған қаншама жасты пәтуаластырып, алғысын алды. Ауыл ішінің тентегін «тек» деп тыйып отырды. Бұл кісілер жастарды тәртіпке, татулыққа, өзара ынтымаққа тәрбиелеуде маған зор көмегін тигізді.

Ұжымның жүйке-жұлыны, негізгі уығы оның әлеуеті мықты мамандар екендігі белгілі. Ойы үндес, пікір-пайымы жақын, саналы ғұмырын полиция қызметіне арнаған білікті де білімді әріптестерім, еңбек жолымды бастаған кездегі Жәнібек аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы болған полиция подполковнигі Еркін Қуанышқалиев, оның орынбасары болған полиция подполковнигі Берік Төлеуов, аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция бөлімшесінің бастығы болып қызмет атқарған полиция подполковнигі Ернар Сұлтанғалиев, полиция полковнигі Манарбек Қаташев, полиция подполковниктері Асқар Әбдірахманов, Данияр Рақышев, Тимур Мамытов, Айшуақ Сейітқазиев, қазіргі күні Жәнібек аудандық полиция бөлімінің басшысы қызметін атқарып отырған полиция майоры Мейрамхан Бапаховтың бойындағы адалдық, терең жауапкершілік, қызметіне деген құрмет сезімін өзіме үлгі етемін, олардан жұмыс барысында үйренгенім, зор тәжірибесінен түйгенім көп.

«ТӘРТІПКЕ БАС ИГЕН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ»

«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген қағидаға қазық қаққан халықпыз ғой, қылмыстың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау, жастар мен

жасөспірімдердің жат діни ағымдардың жетегінде кетпеуін қадағалау, тұрғындар арасында профилактикалық жұмыстар жүргізу, өзіме бекітілген ауылымыздың тыныштығы мен тәртібін қамтамасыз етуде ауыл тұрғындарымен қоян-қолтық бірлесе жұмыстандық. Жалпы, қылмыс түрлері ауылда мал және пәтер ұрлығы мен даламыздың сәніне айналған кербез киікті атып, мүйізін саудалау, мас күйінде көлік құралын тізгіндеу, көлікті иесінің рұқсатынсыз айдап кету, иесінің сеніп тапсырған мүлкін талан-таражға салу фактілері бойынша тіркелетіндіктен қылмыстың алдын алу бағытында жұмыстандым. Күнделікті қызметімізде тәртіп сақшыларының әбжілдігі мен сауаттылығының, қырағылығының арқасында зардабын еске алуға да қорқынышты жағдайлардың алдын алып, жолы кесіліп жатады. Шыдамдылықты, уақытпен санаспауды, берген антыңа адалдықты, үлкен жауапкершілікті талап ететін, мүлт кетуге болмайтын мамандықты таңдағаным еш өкінішім жоқ. Адамдық борышың – халқыңа қызмет қылу деп ұғynam. Қауіпті әрі жауапты қызметте абыройым кіршіксіз болса деймін».

ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН ПОЛИЦИЯ

«Халыққа жақын полиция» қағидатымен қоғаммен тығыз серіктестікте өнімді еңбек етіп жүрген Замир Амантайұлының еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, облыстық, полиция департаментінің, аудандық полиция бөлімінің, аудан әкімінің Грамота, Алғыс хатымен марапатталды. 2020 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Халық алғысы» мерекелік медалімен наградталды.

Замир Берденов Сандуғаш есімді бойжеткенмен отау құрып, бүгінде Әсел, Әнел, Көркем, Жібек есімді қыздарын тәрбиелеп отыр. «Дарын мен талант құдайдан, ердің бағы жұбайдан» екенін дәлелдей білген адал жары Сандуғаш еріне әркез қолдау жасап, жігерлендіріп отырады. Он бір жыл Жәнібек ауданында абыройлы қызмет атқарған Замир Амантайұлы 2023 жылы Орал қаласы Полиция басқармасының қабылдап-тарату орнының кезекші инспекторы қызметіне ауысты.

«Қиындық деген қамал бар, қайсарлар жарып өтетін. Еңбек деген бақыт бар, ерінбеген жететін» демекші, халықтан әркез алғыс арқалаған Замир Берденовтың алар асуы алда деп білеміз.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.5.2025 ж. жіберілді. Басуға 20.5.2025 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 5. Таралым 1500.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»